

# 2019 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП





«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры «Самұрық-Қазына» АҚ-ң барлық компаниялар тобының атынан халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің Бірыңғай операторы болып табылады.



# 2019



## 2019 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



### ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ҚОРЫ



SAMRUK - KAZYNA TRUST



# МАЗМҰНЫ

01

4  
Үндеулер

02

8  
«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры туралы

03

15  
Ұйымдастыру моделі және басқару жүйесі

04

18  
Қайырымдылық жобаларды бекіту тәртібі

05

20  
2020 жылға қойылған мақсаттар мен міндеттер

06

21  
Әлеуметтік ықпал

6.1

21  
«Менің Елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

6.2

37  
Әлеуметтік және медициналық секторды қолдау

6.3

93  
Адами әлеуетті дамыту

6.4

125  
Имидждік жобалар

07

135  
«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры медиа өрісте



Бұл «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидатын іске асыруға және оның «Самұрық-Қазына» АҚ-ның барлық компаниялар тобы атынан халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге қосқан үлесін хабарлайтын жария қаржылық емес есебі.

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры мүдделі тараптарға қызметі туралы кешенді ақпарат беруді және Есеп туралы кері байланыс алуды маңызды деп санайды.

Есеп баспа және электронды нұсқаларда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.



«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ Басқарма Төрағасы

## АХМЕТЖАН ЕСИМОВТЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер және серіктестер!

«Самұрық-Қазына» АҚ еліміздің экономикасын дамытуда елеулі рөл атқарады. Бүгінде компаниялар тобы Қазақстан бойынша 300 000-нан астам адам еңбек ететін 300-ден астам кәсіпорынды біріктіреді. Олардың әрқайсысы мемлекеттің игілігі мен тұрақтылығына өз үлесін қосуда. Біз үшін адамдар әрқашан ең бағалы ресурс болды және болып қала береді, сондықтан біз олардың жайлы өмір сүруі үшін барлық мүмкіндіктерді жауға тырысамыз.

Олардың үздіксіз еңбектерінің арқасында 2019 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының таза табысы 1 243 млрд теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 36,7%-ға артық. Бұл ретте Қордың компаниялары тобынан республикалық бюджетке түскен түсімдер шамамен 1,1 трлн теңгені құрады.

Сонымен қатар, біз заманауи бизнес өзінің әлеуметтік міндеттемелерін орындамай толыққанды бола алмайтынын жақсы түсінеміз. Біз әрқашан уақытпен бірдей жүруге тырысамыз, ол бүгінгі таңда бизнестен тек алға басуды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-жауапты болуды талап етеді, әйтпесе, жетістік туралы сөз де болмайды.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі - бұл компанияның қызмет барысында кездесетін адамдар мен ұйымдар алдындағы жауапкершілігі ғана емес. Бұл, біздің пікірімізше, өзін және жалпы қоғамды дамытуды ойлайтын компаниялар ұстануы тиіс тұтас философия.

«Самұрық-Қазына» АҚ халықтың әлауқатын ойлайды. Ол үшін Бірыңғай қайырымдылық операторы - «Samruk-

Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры құрылды. 2020 жылы біз өзіміздің қайырымдылық қызметімізде он жылдық межені аттадық. Осы уақыт ішінде біз әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруда үлкен тәжірибе жинадық, жүздеген жобалар іске қосылды, оларды жүргізу тәсілі жетілдірілді, жүздеген мың адамдарға көмек көрсетілді.

Бүгінде «Samruk-Kazyna Trust» Қазақстанның қайырымдылық бойынша көшбасшылар қатарына кіреді және ең ірі донор-қор болып табылады. Біз ұтымды инвестицияларды қолдаймыз және өңірлерді дамытуға қаражат бөлеміз. Біз бизнес, коммерциялық емес сектор және мемлекеттік органдардың арасында үшжақты ынтымақтастықты дамытуға тырысамыз, себебі тандемде жұмыс істей отырып, мәселелерді жедел әрі тиімді шешуге болады.

Осылайша, 2019 жылы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары және Түркістан облысы әкімдіктерімен ынтымақтастық туралы, оның ішінде әлеуметтік саладағы ынтымақтастық туралы да Меморандумдар жасалды.

Ағымдағы жылы Қор қайырымдылық жобаларын, оның ішінде денсаулық сақтау, салауатты өмір салты, медицина, білім беру салаларындағы жобаларды жүзеге асыруды жалғастырады, және оларды сапалы іске асыру ортақ ұйымшылдық пен жоғары нәтижеге талпынудың арқасында мүмкін болады.





«SAMRUK-KAZYNA TRUST» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы

## ӘЛІШЕР ПІРМЕТОВТИҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті әріптестер және серіктестер!

2019 жылды қорытындылай келе, бұл жылдың өте қызықты әрі жарқын жобаларға толы болғанын атап өткім келеді.

Бүгінде әлеуметтік құрам барлық ірі бизнесте бар. Қазіргі әлемде бұл мәселені елемейтін компанияны елестету қиын, өйткені дамыған инфрақұрылымсыз, әл-ауқатты азаматтарсыз бизнес дами алмайды деген түсінік бар.

Бұл «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және оның 10 жыл бойы әлеуметтік жобаларды дамытумен айналысып келе жатқан қайырымдылық операторы - «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының басты жұмыс ережелерінің бірі болып табылады.

Осы уақыт ішінде сынақтар мен қателер арқылы, біз халыққа көмек көрсету жүйесін қалай құру керектігі туралы қорытынды жасадық, қайырымдылыққа деген көзқарасты толығымен қайта қарадық, тұрақты даму және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын қайырымдылық жобаларына біріктірдік. Біз жүйелілікке ден қойдық, себебі тек осындай жобалар ғана мәселенің нағыз шешіміне әкелетініне сенімдіміз.

Бұл жылдан жылға тікелей бенефициарлардың жалпы санын ұлғайтуға және көптеген адамдардың мүдделерін қамтуға мүмкіндік береді. 2019 жылы көмек алушылар саны 40 000 адамға артты және 390 000-ды құрады. Бұл қордың жүзеге асыратын жобаларының сапасы мен пайдасының жақсы бағасы деп ойлаймын.

Жобаларды уақытылы және өнімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін арнайы Қайырымдылық саясаты және «Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық бағдарламасы, сондай-ақ «Samruk-Kazyna Trust» Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережелері секілді құжаттар әзірленді және бұлжытпай әрекет етеді.

Бұл құжаттар - Қордың өзінің де, оның

серіктестерінің де ашық жұмысының кепілдігі.

Біз әлі де жаңа қызықты жобаларға ашық екенімізді атап өткім келеді, әсіресе, егер олар қазақстандықтардың өмірін жақсы жаққа өзгертуге қабілетті болса. Адамдар мен елдің тағдырына бей-жай қарамайтын белсенді азаматтық қоғам атынан әрекет ететін коммерциялық емес ұйымдармен бірге біз әлі көптеген игі істер жасай алатынымызға сенімдімін. Бастысы, қоғамның дамуына және адамдардың өмірі үшін барынша қолайлы жағдай жасауға үлкен ықылас болуы қажет.

Қамқоршылық кеңес жобаларды қарастыру кезінде әрқашан олардың тиімділігіне назар аударады, біз үшін жобалардың саны емес, сапасы үлкен маңызға ие.

Дәл осы сапалы орындаудың арқасында көптеген жобалар елде кеңінен танымал болды. Мысалы, шалғай бекеттердің тұрғындары медициналық пойыздардың келуін асыға күтеді, балалар «Samruk-Kazyna Trust» әр түрлі қалалар мен ауылдарда орнатқан балалар алаңдарында бос уақыттарын көңілді өткізеді, ал біздің әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесіміз мемлекеттік деңгейде танылған.

Біз үшін «Менің Елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы бұрынғысынша басым болып қала береді, оның арқасында еліміздің аймақтарында қажетті инфрақұрылым салынууда, денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру, спорт салаларындағы жобалар жүргізілуде.

Қордың жұмысы жалғасуда, біздің алдымызда әлі шешілуі тиіс өршіл міндеттер тұр және «Samruk-Kazyna Trust» Қоры адамдарға оларды жеңіп шығуға барынша көмектесетін болады.



«SAMRUK-KAZYNA TRUST» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Бас директоры

## ДИЯС ӘЗБЕРГЕНОВТИҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті достар!

Назарларыңызға «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының 2019 жылғы қайырымдылық және әлеуметтік инвестициялар саласындағы қызметі туралы есепті ұсынамыз.

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 10 жыл көлемінде қайырымдылықпен айналысады. Біздің мақсатымыз - әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру арқылы Қазақстан халқының өмір сапасын арттыруға қол жеткізу.

Біз коммерциялық емес ұйымдармен әр түрлі бағыттарда серіктестік құрамыз, оның ішінде адамдарға әлеуметтік және медициналық секторда көмек көрсетеміз, адами әлеуетті дамытамыз, «Менің Елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Біз заманнан қалыспауға тырысудамыз және сондықтан үнемі өз жұмысымызды жетілдіріп және оңтайландырып отырамыз. Бұл біздің отандастарымыздың бағдарламалардан барынша пайда ала алуы мақсатында жасалған.

Мысалы, БМС диагнозы бар бір баланы шет елде емдетуге көмек көрсету үшін, ата-аналарға біраз қаражат керек: бұл оңалту курсының өзі, жолы, тұруы, тамақтануы. Және мұндай курстардан тұрақты түрде өтіп отыру қажет. Біз әр балаға мұндай бір реттік қолдау көрсету мүмкін еместігін түсінеміз. Сондықтан біздің серіктесіміз - «Қасиетті жол» Қайырымдылық қорымен бірге - біз Қазақстанда оңалту орталықтарын аштық. Нұр-Сұлтанда - екі орталық, Шымкентте - біреуі жұмыс істейді.

Ағымдағы жылы, Қордың бұл тәжірибесі мәселенің жүйелі шешімі ретінде бүкіл республиканы қамтитын болады, Қазақстанның 8 аймағында: Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Атырау, Алматы облыстарында осындай 8 оңалту орталығы, және Нұр-Сұл-

тан қаласында бір орталық пайда болады.

Бұл дер кезінде емдеуді және оңалтуды қажет ететін балаларды қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Өткен жылы біз 392 000 қазақстандықтарды қамтыған барлығы 39 әлеуметтік маңызы бар жобаны іске асырдық. Қордың жобаларымен толығырақ біздің есептен таныса аласыздар.

Мен сіздерге осы жобалардың ішінен қызықтылары туралы айтқым келеді. Мәселен, 2019 жылы біз КЕҰ үшін алғаш рет «Благоафиша» атты митап өткіздік, оның тақырыбы фандрайзинг және интернетте әлеуметтік жобаларды ілгерілету болды. Кездесуде фандрайзинг саласындағы белгілі ресейлік сарапшы - Олеся Радилова және қазақстандық блогер және медиа жаттықтырушы Яков Федоров сөз сөйледі. Митап астананың 60-тан астам коммерциялық емес ұйымдарының өкілдерін жинады.

Тағы бір жарқын оқиға, біздің ЮНИСЕФ-пен бірігіп іске асырған #ItsAllAboutAbility дүниежүзілік акциясы болды. Бұл акция ерекше қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын қорғауға және инклюзивті қоғамды дамытуға бағытталған.

Қордың жобалары біздің серіктестеріміз - халықаралық қорлардың, мемлекеттік мекемелердің және жергілікті атқарушы органдардың, КЕҰ тұлғасындағы әкімшілердің, бұқаралық ақпарат құралдарының қолдауымен іске асырылатынын атап өтуім қажет. Және, осы Есеп арқылы бізбен бірге қазақстандықтардың өмірін жақсы жаққа өзгерте отырып, біздің идеяларымызды жүзеге асыруға көмектесетін адамдардың барлығына алғыс білдіргім келеді. Сіздермен бірге жұмысымыз одан әрі жемісті әрі ауқымды және әрбір жоба ерекше маңызға ие!



QR-КОДТЫ СКАНЕРЛЕУ



Қымбатты оқырмандар! Біздің, «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының 2019 жылдағы жасаған жұмысын көрсететін есепте сіздерге жобалар туралы айтып қана қоймай, олар туралы сіздердің түсініктеріңізді кеңейтуге тырысамыз. Бұл үшін бізге есеп беттерінде орналасқан QR-кодтар арқылы көруге болатын бейнероликтер көмектеседі.




«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан  
«Samruk-Kazyna Trust» Қоры әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады

# ҚОР ТУРАЛЫ

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының миссиясы - халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартуға және Қазақстан Республикасының өркендеуіне көмектесу.

«Самұрық-Қазына» АҚ - миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және ұлттық экономиканы жаңғыртудан тұратын инвестициялық холдинг.



**300**  
кәсіпорын

**300 000**  
қызметкер

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Қазақстандағы ауқымы мен маңыздылығын ескере отырып, компанияның мүдделері барынша пайда алумен қатар, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) қағидаларын бизнес стратегиясына біріктіруге, сондай-ақ жүйелі қайырымдылық қызметі арқылы әлеуметтік ортаны жақсартуға бағытталады.

# БІЗДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫМЫЗ

ТИІМДІЛІК

ЖҮЙЕЛІЛІК

АШЫҚТЫҚ

ӘЛЕУМЕТТІК  
МАҢЫЗДЫЛЫҚ

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің Бірыңғай операторы болып табылады және «Самұрық-Қазына» АҚ және барлық портфельдік компаниялар атынан елдің әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асырады.



«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры өз жұмысында қайырымдылық қызметін регламенттейтін келесі құжаттарды басшылыққа алады:

**01**

«Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясаты;

**02**

«Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық бағдарламасы;

**03**

«Samruk-Kazyna Trust» Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережелері.

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ

# 1 642 000

адам аталған уақытта қайырымдылық  
көмек алды

400 000

бенефициар

500 000

бенефициар

742 000

бенефициар

2010 - 2015

2015

2016

2016-2017

2018-2019



«Самұрық-Қазына»  
АҚ

«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық жобаларына «Астана СК» арқылы, ал портфельдік компаниялар өз бетімен әр түрлі әлеуметтік маңызы бар салаларда қолдау көрсетті.



«Самұрық-Қазына» АҚ  
трансформациялау

«Қайырымдылық туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының демеушілік және қайырымдылық жобаларды жүзеге асыруына мораторий енгізу туралы шешім қабылдауға ықпал етті.



«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорын құру

«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық қызметінің Бірыңғай операторы құрылды. «Samruk-Kazyna Trust» алдына «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан қайырымдылық қызметін жүзеге асыратын тиімді механизм әзірлеу міндеті қойылды.




«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры:

- Әлеуметтік маңызды жобаларды сапалы іріктеу және бақылау жүйесін жасады;
- Бөлінетін қаражатқа бірыңғай мониторинг жүргізуді енгізді;
- Жобаларды қаржыландырудың қайталануын жойды;
- Әр жобаның нәтижелілігін арттырды.



«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры:

- Қайырымдылықтың жалпы жылдық сомасын азайту;
- Бенефициарлар санын және жүзеге асырылатын жобалар сапасын сақтау және арттыру.





# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ СТРАТЕГИЯСЫ

# 1

## ЖАҢАҢДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ОЙЛАЙМЫЗ

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры қоғамдағы тиімді және жүйе қалыптастырушы әлеуметтік өзгерістерді дамыту үшін экожүйе жасайды, ол барлық мүдделі тараптарға жұмыс істейді:



АДАМДАР



БИЗНЕС



АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР



МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

# 2

## ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТӘСІЛ

Қайырымдылық қызметтің басты стратегиясы:



МӘСЕЛЕНІ ЗЕРТТЕУ



ДАМУ



ОҚЫТУ



ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК  
ӘСЕР ЕТУ

# 3

## ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҰМТЫЛАМЫЗ

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры келесідей идеяларды қолдайды:



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ІРІ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ  
БІРІ БОЛУ




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БОЙЫНША  
ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛІ ҰЙЫМҒА АЙНАЛУ

# ҰЙЫМДАСТЫРУ МОДЕЛІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қамқоршылық кеңес - құрамына «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері кіретін «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының тұрақты қызмет ететін алқалы басқару органы.

## Қамқоршылық кеңестің міндеттері

Қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылау, сондай-ақ қайырымдылық жобалар мен олардың әкімшілерін бекіту.




# ҚОР КОМАНДАСЫ

**21** ТОЛЫҚ САНЫ

**8** ЕР АДАМ

**13** ӘЙЕЛ АДАМ

**10** ЖЫЛ  
ҚОРДАҒЫ ЕҢ ҰЗАҚ ЕҢБЕК ӨТІЛІ



# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ

10 000 000 000  
МЛРД

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТІН «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БЕКІТЕДІ.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық бағдарламасының қаражатын бір уақытта немесе транштармен тікелей «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорына аударады.

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры Қайырымдылық бағдарламасының негізінде және Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережелеріне сәйкес қайырымдылық көмек көрсетуге әлеуетті пайдаланушылардың Өтінімдерін қарауды жүзеге асырады.

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫН БЕКІТУ ТӘРТІБІ

## Коммерциялық емес ұйымдар ұсынған жобалар

01

Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережелеріне сәйкес Өтінім жолдау; - қағаз нұсқада; - электронды түрде, [www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz) ресми сайтында Өтінім толтыру арқылы

02

Менеджерлердің өтінімді Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережелеріне сәйкестігін, барлық қажетті құжаттардың болуын қарастыруы. Құжаттардың толық пакеті болған жағдайда жоба бойынша оның тиімділігі, өзектілігі, бірегейлігіне байланысты қорытынды жасау

03

Өтінімді «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Қамқоршылық кеңесінің қарауына енгізу

04

Қамқоршылық кеңестің қайырымдылық көмек көрсету туралы оң шешімінің негізінде пайдаланушымен Шарт жасалады

## «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ұсынған жобалар

01

Жобалық басқару және корпоративтік коммуникациялар департаменттерінің жоба бойынша қорытынды жасауы

02

Жоба бойынша қорытындыны «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Бас директорының қарауына және бекітуіне енгізу, Қамқоршылық кеңес туралы ережеге сәйкес Қамқоршылық кеңестің отырысына материалдарды дайындау

03

Жобаны «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының Қамқоршылық Кеңесінің қарауына енгізу

04

Қамқоршылық кеңестің жобаны іске асыру туралы оң шешімінің негізінде, «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ішкі құжаттарға сәйкес оны жүзеге асырады

# ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ АРНАЛАРЫ



мекенжай бойынша жеткізу



www.sk-trust.kz ресми сайты арқылы электронды өтінімдерді қабылдау

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорына 2019ж.

# 1 051

өтініш түсті

олардың ішінде

# 290

өтініш «ӘРЕКЕТ» жобасы бойынша

# 328

өтінім ҚР үкіметтік емес ұйымдарынан қайырымдылық көмек алу бойынша келіп түсті

# 275

мемлекеттік органдардан, ЖАО келген хат-хабарлар, қайырымдылық пайдаланушыларымен ішкі хат алмасу

# 448

жеке тұлғалардан келген хат-хабарлар, оның ішінде «Балаларға өмір сыйла», «Дені сау балалар» және «Сан алуан, бірақ тең» жобаларының аясында көмек алуға өтініштер

# 2019 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ НӘТИЖЕЛЕР

# 39

ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

# <392 мың

БЕНЕФИЦИАР ҚАМТЫЛДЫ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ

# 2020 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР



Сапалы қайырымдылық жобаларын қолдау бойынша **ЖҰМЫСТЫ ЖАЛҒАСТЫРУ**;



Медиакеңістікте, оның ішінде әлеуметтік желілерде «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қызметін жарықтандыру бойынша **ЖҰМЫСТЫ КҮШЕЙТУ**;



Қайырымдылық жобаларды жүзеге асыру кезінде тәжірибе алмасу арқылы қазақстандық және халықаралық донорлармен **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**.



**«МЕНИҢ ЕЛІМ»  
ӘЛЕУМЕТТІК  
ИНВЕСТИЦИЯЛАР  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

---



# «МЕНИҢ ЕЛІМ» ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** Қазақстан Республикасының азаматтары

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАҒЫТТАРЫ



Қордың компаниялары орналасқан өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту;



Аймақтардың тарихи-мәдени мұрасын жаңғырту;



Азаматтық бастамаларды қолдау арқылы жергілікті қоғамдастықтарды дамыту;



Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Қайырымдылықтан жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік бастамаларын қолдауға өту;

Жергілікті қоғамдастықтармен және аймақтық биліктермен ынтымақтастықты дамыту.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ


Өңірлерге әлеуметтік инвестициялардың стратегиялық моделін енгізу;

Қордың компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік жобаларға қатыстыру;

Жергілікті қоғамдастықтарды қоғамдық жұмысқа тарту, өңірлердегі бос уақытты ұйымдастыруды, мәдениет және спорт инфрақұрылымын дамыту.



# 2016 ЖЫЛДАН БЕРІ «МЕНИҢ ЕЛІМ» ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ (БІЛІМ БЕРУ, МЕДИЦИНА, СПОРТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ) ДАМУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДА ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДА





# «ӘРЕКЕТ» ЖОБАСЫ

## «Samruk-Kazyna Trust» КҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** коммерциялық емес ұйымдар

Жоба әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін дамытуға бағытталған.

- Кәсіпкерлік негіздерін және бизнес жүргізу дағдыларын үйретеміз.
- Байқаудың негізінде гранттар береміз.
- 9 ай ішінде жеңімпаздарға көмектесу үшін бизнес-кеңесшілерді және тәлімгерлерді тартамыз.
- 290 ҚЕҰ ішінен 25-і әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша жобаларды іске қосуға немесе дамытуға грант алды.

**ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ 96%-Ы «ИНКУБАТОР» БАҒДАРЛАМАСЫНДА ОҚЫҒАНЫНА ҚАНАФАТТАНАДЫ**

**«ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАСЫ» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША OZGERYS USTASY СЫЙЛЫҒЫ**



«ӘЖХА» ҚБ, Алматы қ. – менталды ерекшеліктері бар жастарды еңбекке орналастыруға арналған тігін шеберханасы

2019 жылғы гранттар байқауының жеңімпаздары



«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» ҚБ (Қоғамдық бірлестік) Талдықорған қ. – 5-7 жас аралығындағы балаларға арналған білім беру орталығы



«Инклюзия Болашақ Атырау» ҚБ, Атырау қ. – «Зейін-Атырау» ерекше балаларды дамыту орталығы



Жобаны жүзеге асыру аясында 2019 жылы:

**15 мамырдан 3 маусымға дейін** 14 облыста және Шымкент, Алматы, Нұр-Сұлтан ққ, жалпы саны 577 қатысушымен 17 ақпараттық кездесу өткізілді;

**30 маусымда** байқаудың бірінші кезеңіне 290 өтінім қабылданды;

**12 шілдеде** бірінші кезеңнің байқау комиссиясының отырысы өтті, оның нәтижелері бойынша екінші кезеңге қатысуға 65 өтінім таңдалып алынды;

**22 шілдеде** байқаудың екінші кезеңіне қатысу үшін 65 өтінім қабылданды;

**1 тамызда** екінші кезеңнің байқау комиссиясының отырысы өтті, оның нәтижелері бойынша үшінші кезеңге қатысуға 51 өтінім таңдалып алынды;

**13 - 15 тамызда** Нұр-Сұлтан қ. іріктеудің 2-кезеңінен өткен 51 ҚЕҰ-ның 101 өкілі қатысқан «Инкубатор» оқыту бағдарламасы өткізілді;

**16 тамызда** Нұр-Сұлтан қ. байқау комиссиясының алдында жобалар ұсынылды, оның нәтижелері бойынша 25 грант алушы іріктеліп алынды;

**қыркүйектен желтоқсанға дейін** 25 грант алушы әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жобаларды жүзеге асыруды бастады. Барлық мүдделі тараптардың қатысуымен республикалық және өңірлік БАҚ-та жариялаумен 6 жобаның ресми ашылуы өткізілді;


**қараша айында** ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бекіткен «Әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдаудың үздік мемлекеттік шарасы» номинациясы бойынша Ozgerys Ustasy сыйлығы алынды.



«ӘРЕКЕТ» жобасының аясында Талдықорған қаласындағы стоматологиялық кабинеттің ашылуы



ХАБАР 24



ASHYQ ALAN



ХАБАР 24







Розалия Рахимова, жас ана, Қызылорда қ. «**Розалия и Эмир**» Жеке қорының басшысы. Ұлы - Эмир туылғанға дейін Розалия «аутистикалық спектрдің бұзылуы» немесе аутизм диагнозы туралы ештеңе білмеген. Бірақ дәрігерлер Эмирде аутизм бар екенін анықтады, және бұл отбасының күнделікті өмірін 180 градусқа өзгертті. Ол ұлына көмектесе алатын ақпараттар, клиникалар, дәрігерлер іздей бастады. Розалияның бірнеше жылдар бойы табанын тоздырып бармаған жері қалмады. Бірақ ауруға ем болатын «ғажайып дәріні» таба алмайтынын мойындайды. Сол кезде жас ана ұлы Эмир сияқты балаларға білікті мамандар қызмет көрсететін өз орталығын ашуға бел буды.

Оған «Розалия және Эмир» Жеке қорының «**ӘРЕКЕТ**» жобасына қатысуы және жеңуі көмектесті, оның басты мақсаты - әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Розалия Рахимова грантқа ие болып, осы қаражатқа қажетті құрал-жабдықтарды сатып алып, орталық мамандарын оқыта алды. Қысқа уақыт аралығында Қызылордада аутизм мен сөйлеуді түзету орталығы өз есігін айқара ашты.

Бүгінгі күні орталықта білікті мамандар: логопедтер, дефектологтар, психологтар, ЕДШ-мамандары, АВА-терапевттер жұмыс істейді.

Орталықтың педагог қызметкерлері балаларды күнделікті өмірге дайындау үшін түзету, дамыту, оқыту жұмыстарын жүргізеді. Сабақтар қажетті дидактикалық, педагогикалық және спорттық жабдықтары бар бірнеше оқу кабинеттерінде өтеді.



Гүлмира Пармышева, «**Белсен**» Әлеуметтік бастамалар орталығы» ҚБ басшысы, өзінің баласын түзету және қалпына келтіру кезінде бірқатар проблемаларға кезіккеннен кейін, КЕҰ құруға және өз бетімен балалармен айналысатын ата-аналарға арналған логопедиялық жиынтықтарды іске қосуға шешім қабылдады.

2018 жылы КЕҰ алғаш рет балалардың сөздік тыныс алуын және ұсақ моторикасын дамытуға көмектесетін «Kishkentai» логопедиялық жиынтықтарын әзірледі және іске қосты. Жиынтықтардың өндірісі Алматы қ. іске қосылды және Қазақстанда аналогтары жоқ.

Жиынтықтарды тестілеуден және өзінің мақсатты аудиториясының сұраныстарын зерттеуден кейін жоба бастамашылары жиынтықтардың толықтырылуы мен сапасын жетілдіру қажет екендігін түсінді. Сонымен қатар егер бірқатар жаттықтырғыштарды өз бетімен дайындаса, өндіріс процесі неғұрлым тиімді болады деген түсінік келді.

Ол үшін Гүлмираға және оның серіктесі Айгүл Мұстафинаға «**ӘРЕКЕТ**» жобасы көмектесті. Жобада ие болған гранттың арқасында олар материалдар мен қажетті жабдықтарды сатып алды, сондай-ақ оқытудан өтіп, тәлімгерлік қолдау алды, мұның барлығы кешенді түрде жаттықтырғыштар желісін кеңейтуге және олардың сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

«Kishkentai» логопедиялық жиынтықтары шетелдік аналогтарына қарағанда 8 есе арзан. Өнімді дайындау үшін АҚШ, Еуропа және Ресейдің сертификатталған және гипоаллергенді шикізаттары қолданылады. Жиынтықтар Алматы және Нұр-Сұлтан ққ. тұрақты негізде қолданатын логопедтермен және дефектологтармен тестіленеді.

«Kishkentai» жобасының негізгі әлеуметтік идеясынан бөлек, ұйым жиынтықтарды сатудан түскен пайданың 10% ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға бағыттайды.





2017 ж. Рудный қ. «**Рудный қалалық мүгедектердің ерікті қоғамы**» ҚБ Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету орталығын құруды шешті. Оның бірегейлігі жұмысқа мүгедектігі бар адамдарды қабылдауында болды. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға жұмысқа орналасып, табыс табудың қаншалықты қиын болатындығы бәріне белгілі.

ТҚКО мен мүгедек арбаларын қолданатын қызметкерлерге арналған жұмыс орын жабдықтыруды Қоғамдық бірлестік өз есебінен жүргізді. Жұмыс біршама реттелді, уақыт өте келе мүгедектігі бар адамдарды көбірек жұмысқа орналастыру идеясы пайда болды.

Қуанышқа орай 2019 жылы бірлестіктің басшысы Санаш Ещанов «**ӘРЕКЕТ**» жобасына қатысуға өтінім берді. Рудный қалалық мүгедектердің ерікті қоғамының өтінімі 290 өтінімнің ішінен іріктеуден өтіп, 25 жоба жеңімпаздарының қатарында грант иегері атанды.

Грант қаражатына жабдықтар алынып, ТҚКО қуаты артты. Өзінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, ұйым автокөліктерді жөндеу бойынша қызметтер көрсетеді, сонымен қатар орталықтың үй-жайлары автокөлік иелеріне шағын төлем үшін, яғни сағатына 5000 теңгеге жалға беріледі.

Санаш Ещанов басты міндет табыс табу мүмкіндігі емес, қоғамдық бірлестік мүшелерін жұмысқа орналастыру және оларды қоғамға әлеуметтік ықпалдастыру дейді.

«**ӘРЕКЕТ**» жобасының арқасында ерекше қажеттіліктері бар сегіз адам жұмысқа орналасты.

2018 жылы «**ЭКО Атамекен**» ҚБ басшысы Гүлнара Ниязова Қазақстанның оңтүстігіндегі Кентау қаласында аспа саңырауқұлақтарды өсіретін шағын жылыжай ашты.

Бір жылдан кейін әлеуметтік кәсіпорынның жұмыс көлемін кеңейтуге шешім қабылданды. Ол үшін қажетті жабдықтар, шикізат алу қажет болды. Сондай-ақ жоспарда ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыру да болды. «**ӘРЕКЕТ**» жобасы туралы естігеннен кейін, Гүлнара бірлестік атынан өтінім беріп, барлық кезеңдерден өтіп, грант жеңіп алды.

Грант алғаннан кейін, Гүлнара Ниязова жылыжайда көмектесетін және саңырауқұлақтарды баптайтын ұлы Райнтан Жапаровпен бірге үй-жайды жабдықтыра бастады, қосымша шикізат сатып алды және екі көмекші - Әділет пен Владимирды жұмысқа алды. Екі жігіттің де мүгедектігі бар: Әділетте - ПСДК диагнозы және есту қабілетінің бұзылуы, Владимирде - есту және көру қабілеттерінің бұзылуы. Бірақ бұл оларға саңырауқұлақтар өсірумен айналысуға кедергі келтірмейді. Барлық қажетті дағдыларды оларға Райнтан үйретті, ол тіпті балаларды түсінуге және ең қажетті нәрселерді түсіндіруге жеңіл болу үшін ым-ишара тілін біршама меңгеріп алды. Дегенмен сурдоаудармамен жұмыс кезінде Райнтанға Әділеттің анасы - Балжан көмектеседі.

Осы шағын ұжымның үйлесімді жұмысының арқасында 3 айдан кейін 30 кг өнім жиналды. Қоғамдық бірлестік өз өнімдерін жергілікті мейрамханаларға және қала тұрғындарына сатады. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын дәл осы саңырауқұлақтарды сату қамтамасыз етеді. Сондай-ақ әрбір 100 кг аспа саңырауқұлақтарын сатқан кезде, бұл саңырауқұлақтардың 3 кг ерекше қажеттіліктері бар жастар оқитын Кентау қ. арнайы кәсіптік колледжінің асханасына тегін беріледі.

«Бізге «**ӘРЕКЕТ**» жобасы қатты көмектесті, және бірінші кезекте мен қаржыны басқару және маркетинг бойынша көптеген жаңа білім алдым. Мен бастапқыда туындаған көптеген сұрақтарымның жауаптарын білдім. Сол үшін «Samruk-Kazyna Trust» Қорына үлкен рақмет, сіздер осы жобаны іске асыруға мүмкіндік бердіңіздер», - дейді Райнтан Жапаров.






«2018 жылы алғаш рет Талдықорғанда есту қабілеті бұзылған студенттерге арналған «стоматолог-ортопед» мамандығы ашылды. Бұл мақсатты топпен жұмыс істей отырып, біздің командамыз мүмкіндігі шектеулі балалардың жұмысқа орналасуында қандай қиындықтар болуы мүмкін екендігін түсінді. Осыдан Талдықорған қ. Жоғары медициналық колледжінің оқушылары жұмыс істейтін стоматологиялық ортопедия кабинетін ашу идеясы туындады», - дейді **«Қазақ саңыраулар қоғамы» ҚБ «Болашақ» Корпоративтік Қорының** басшысы Раушан Бексұлтанова.

КЕҰ, жергілікті Ішкі саясат басқармасы арқылы **«ӘРЕКЕТ» жобасы** туралы білгеннен кейін, өз идеясын жүзеге асыруға және әлеуметтік кәсіпкерлік үлгісіндегі стоматологиялық кабинет ашуға шешім қабылдады. Жобаға қатысу ұйымға қаржылық қолдау ғана емес: оқыту, тәлімгерлік және 9 ай бойы идеяны іске қосу және жүзеге асыруда сүйемелдеу көрсетті. «Қазақ саңыраулар қоғамы» ҚБ медициналық колледжде стоматологиялық кабинет құрып, есту қабілеті бұзылған 6 баланы жұмысқа орналастырды. Кабинет ақылы түрде протездер, тіс қаптамалары және басқа да стоматологиялық бұйымдар дайындау бойынша қызмет көрсетеді және оларды жергілікті стоматологиялық клиникаларға, сондай-ақ жеке тұлғаларға жеткізеді.

Клиенттермен қарым-қатынас жасауда балаларға ұйымның сурдоаудармашысы көмектеседі. Жобаның қаржылық тұрақтылығы ақылы қызмет көрсетуден түсетін кіріс есебінен қамтамасыз етіледі. Жоба нәтижесінде жастар қаржылай тәуелсіз бола отырып, қоғамға тез кірігіп, бейімделіп кете алады.





# ӘМБЕБАП СПОРТ ЖӘНЕ БАЛАЛАР АЛАҢДАРЫН ОРНАТУ

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның 12 аймағы және республикалық маңызы бар 3 қаласы

**Мақсатты аудитория:** аймақтар мен республикалық маңызы бар қалалардың тұрғындары



ҚАЗАҚСТАННЫҢ 12 АЙМАҒЫНДА

ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР 3 ҚАЛАСЫНДА

36 ӘМБЕБАП СПОРТ ЖӘНЕ БАЛАЛАР АЛАҢЫ ОРНАТЫЛДЫ

ОРНАТЫЛҒАН АЛАҢДАРДЫҢ ЖАЛПЫ АУДАНЫ 45 406 М2 ҚҰРАЙДЫ



ДЕЙІН



ДЕЙІН



БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢЫ

ФУТБОЛ (ХОККЕЙ) АЛАҢЫ

WORKOUT ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ АЙМАҚ

72 000


ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ АЛАҢДАРДЫ ҚОЛДАНУЛАРЫНА МҮМКІНДІК ПАЙДА БОЛДЫ



КЕЙІН









**ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ  
СЕКТОРДЫ ҚОЛДАУ**

---





# «ЖЕҢІС» ЖОБАСЫ

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның 35 қаласы


**Мақсатты аудитория:** Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл еңбеккерлері

Көмекке мұқтаж Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне әлеуметтік-тұрмыстық қолдау көрсету.

Жастардың бойында патриотизмді тәрбиелеу бойынша іс-шаралар өткізу, Отан қорғаушыларды мәңгі есте сақтау.




«ЖЕҢІС» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ РУХЫН НЫҒАЙТАДЫ, РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАЙДЫ, ТАРИХТЫ ЖӘНЕ АРДАГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІКТЕРІН ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ.



«СЕНЕМІН» СЕНІМ ТУРАЛЫ ФИЛЬМДЕР СЕРИЯСЫ – «Жеңіс» жобасы туралы шығарылым - Жеңіс күні есімде!



646 ЕРІКТІНІҢ  
КҮШІМЕН  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
35  
ҚАЛАСЫНДА  
1 440  
АРДАГЕР МЕН  
ТЫЛ ЕҢБЕККЕРІНЕ  
ҚОЛДАУ  
КӨРСЕТИЛДІ





«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері Жеңіс күніне орай

## 18 000 000 ТЕҢГЕ

сомасында қайырымдылық науқандар мен қаражат жинауды ұйымдастыру арқылы

## 988 АРДАГЕР МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРІНЕ

көмек көрсетті

## 516 АРДАГЕР

Қазақстан және ТМД бойынша теміржол көліктерін тегін пайдалана алды.




«Жоба 2015 жылы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын тойлау қарсаңында бастау алды және осы күнге дейін белсенді түрде жүзеге асырылуда. Ай сайын біздің еріктілеріміз ардагерлерге және тыл еңбеккерлеріне барып тұрады. Бұл ретте бірнеше мақсат көзделді. Біріншісі - жалпы ұлттық қайырымдылықтың арқасында ардагерлерге нақты қолдау көрсету».


**ТАТЬЯНА МИРОНЮК**  
«ҰЕЖ» ЗТБ атқарушы директоры



«Хабар 24» арнасындағы жаңалықтар сюжеті



«Казхастанская правда» газетіндегі материал





*Жеңіс жобасының еріктісі, Сқақов Әміржанның сөздерінен жазылды.*

«Жеңіс» жобасына қатысу менің өмірімді түбегейлі өзгертті. Мен енді қолдауға мұқтаж адамдарға бей-жай қарай алмаймын, әсіресе егер ол қарт адамдар болса. Енді мен әрқашан қатысуға дайынмын, және мұның неліктен маңызды екенін нақты білемін.

Біз ардагерлерімізге азық-түлік әкелуге және үй шаруасында көмектесуге барамыз, және барлығын жасап болғаннан кейін де кеткіміз келмейді. Кейде олардың жастық шағы және соғыс туралы, жүз жасқа дейін өмір сүріп, осынша қиындықты көрудің қандай екені туралы қызықты оқиғаларын тыңдап ұзақ отырамыз, кеткіміз келмейді.

Көптеген кездесулер өмір бақи есте қалатын шығар. Құлағында өте ескі тыңдау аппараты бар бір атаны қалай аяғаным есімде. Аппарат онсыз да осындай жаста қиналып жүрген атамызға кедергі келтіріп, қатты дыбыстар шығарған. Бірақ ата ол үшін ашулы болған жоқ, керісінше, өте мейірімді және қонақжай болып шықты. Бүгінде осындай жағдайда өмірге шын жүректен қуана алатын адамды сирек кездестіресің.

Және ол кісі суретке түскенді жақсы көретін болып шықты, сондықтан кетер алдында біз онымен бірге қуана-қуана бірнеше суретке түстік. Ардагердің бетінен күлкі кеткен жоқ, бұл біз үшін ең үлкен сый болды!

Басқа бір апа нағыз әзілқой болып шықты, көп әзіл айтып, бізді әбден күлкіге тойдырды. Ал біз суретке түсейін деп жатқан кезде, ол кісі сәнқой болып шыға келді, жас кезінде тіпті модель болған екен. Бізбен суретке түсу үшін ол кісі әдемі көйлек пен парик киді.

Әрбір рейдке біз құлшыныспен және қуана барамыз. Ардагерлермен кездесу балалық шаққа қайтарады, атаң мен әжеңнің ыстық құшағына бөленгендей боласың. Олардың жылы сөздері, тілектері, баталары және «Рақмет, менің немерелерім» деген нәзік сөздері үлкен күш пен шабыт береді...



**Сқақов Әміржан  
Шымкент**



# ӘР-АЛУАН, БІРАҚ ТЕҢ

## «Дара» ЖҚ

**Жобаның географиясы:** Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Көкшетау, Ақтөбе, Өскемен, Тараз, Петропавл, Орал, Шымкент, Семей, Екібастұз ққ.

**Мақсатты аудитория:** ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, мектеп басшылары және педагогтар

- Қазақстанда инклюзивті қоғамды ілгерілету үшін білім беру мен дамытуда балалар үшін тең мүмкіндіктер жасаймыз.
- Даму ерекшеліктері бар балалар үшін психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін (ППТК) ашамыз.
- Семинарлар мен конференциялар арқылы даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттырамыз.
- Ел аумағында инклюзивті білім беру моделін дамытамыз.



## ЖЫЛЫНА 150 «ЕРЕКШЕ» БАЛА

Екібастұз қаласының Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде көмек алады





## ҚАҢТАР

- Павлодарда және Шымкентте 2 ресурстық орталық ашылды, онда ерекше білім беру қажеттіліктері бар 21 бала оқиды.

## АҚПАН

- Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Көкшетау, Павлодар, Петропавл, Өскемен, Тараз, Шымкент қалаларында және Ақмола облысындағы Ресурстық орталықтардың 42 қызметкері мен педагогы арнайы оқыту семинарына қатысты.

## СӘУІР

- Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының арнайы білім беру мекемелерінің 100 қызметкері «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру» семинарларына қатысты.


Қатысушылар ашық сабақтарға қатысты, «ерекше» балалармен жұмыс істеу бойынша кеңестер алды, мамандардың жұмысымен танысты және ППТК жабдықталуын қарап шықты.

## ҚАРАША


- Назарбаев Университетінің сарапшылары «case study» әдісімен Ресурстық орталықтардың жұмысын зерттеді - қорытындылары бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді.



PAVLODAR NEWS.KZ



КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА ГАЗЕТІНДЕГІ МАТЕРИАЛ



«ӘР-АЛУАН, БІРАҚ ТЕҢ» ЖОБАСЫ ЕРЕКШЕ БАЛА ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІНЕ САПАЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ОТБАСЫЛЫҚ МАМАНДАРДЫҢ БІЛІКТІ ТЕГІН КӨМЕГІН АЛА АЛАТЫН ОРТАЛЫҚТАР ЖЕЛІСІН КЕҢЕЙТЕДІ. ОЛ СОНДАЙ-АҚ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПРИНЦИПТЕРІН АЛҒА ТАРТАДЫ. БІЗ ӘР БАЛАНЫҢ ОСЫ ӘЛЕМНІҢ АЛУАН ТҮРЛІЛІГІН ҚАБЫЛДАЙТЫН ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚОҒАМДА ДАМУЫ МЕН ӨСУІ ҮШІН ҰМТЫЛАМЫЗ»

**СӘУЛЕ БЕКСҰЛТАНОВА**  
«Дара» ЖҚ жобалар менеджері





Денис  
Яковлев

Семей қаласының Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті бір жылдан астам жұмыс істейді. Мұнда «ерекше балақайлар» білім негіздерін үйренеді. ППТК мамандарының арқасында барлық балақайларда жақсару байқалады.

Бес жасар Денис пен оның отбасы үшін кабинеттің ашылуы нағыз оқиға болды. Бала Кабинетке ашылғаннан бері барады. Тәрбиешілер бастапқы кезеңде Денистің эмоционалды тұрақсыз, жылауық және тұйық болғандығын, сөзді түсініп, бірақ сөйлей алмағандығын айтады. Ол фигураларды, түстерді, пішіндер мен шамаларды білмейтін.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия онда психикалық дамудың тежелуі, жалпы сөйлеудің жетілмеуі диагнозы бар екенін анықтады. Сонымен қатар, Денисте астигматизм, көру қабілеті нашар.

Бірте-бірте, сабақ барысында Денис алдымен буынға бөліп сөйлей бастады, кейін сөз тіркестері пайда болды, ал қазір ол тұтас сөйлемдермен сөйлеуге тырысады, санай алады, заттарды жинақтай алады, тіпті буындармен оқи алады.

Ол өзі және отбасы туралы қуана айтады, және сұрақтарға сенімді жауап береді. Денистің туыстары үшін бұл үлкен алға басу. Аз уақыт өткендей көрінгенімен, Денистің бірінші сөзіне қанша еңбек жұмсалғанын Түзету кабинетінің мамандары ғана біледі. Жақын арада Денис жалпы білім беретін мектепке барады және нормотиптік балалармен бірге оқитын болады. Осыдан біраз бұрын ата-анасы баланың осындай нәтиже көрсете алатынын және тіпті жалпы білім беретін мектепте білім алуға үміткер бола алатындығын елестете де алмайтын еді.

Денистің әжесі Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мен оның мамандары туралы ризашылықпен айтады және олар сүйікті немересінің жарқын болашағына бастау салды дейді.





# ДЕНІ САУ БАЛАЛАР

«Қасиетті жол» ҚҚҚ

Жобаның географиясы: Нұр-Сұлтан, Шымкент ққ.

Мақсатты аудитория: 0-15 жас аралығындағы БМС диагнозы бар балалар

БМС диагнозы және тірек-қимыл аппаратының басқа да бұзылуы бар жетім балалар, ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар, толық емес, аз қамтылған отбасылардың және көпбалалы отбасылардың балалары «Қасиетті жол», «KZhol Shymkent» Оңалту орталықтарында және «Балапан» Ерте араласу орталығында тегін оңалту курстарынан өтеді.

**2019 ЖЫЛЫ 1170 БАЛА НҰР-СҰЛТАН ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ҮШ ОРТАЛЫҒЫНДА 21-КҮНДІК ОҢАЛТУ КУРСТАРЫНАН ӨТТІ**



ОҢАЛТУДАН КЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ:

**82 БАЛА ӨЗ БЕТІМЕН БАСЫН ҰСТАУДЫ ҮЙРЕНДІ**

**60 ҚОЛМЕН ҰСТАУДЫ ҮЙРЕНДІ;**

**124 ӨЗ БЕТІМЕН ОТЫРУДЫ ҮЙРЕНДІ;**

**64 ӨЗ БЕТІМЕН ЖҮРҮДІ ҮЙРЕНДІ;**

**99 СӨЗДЕРДІ АЙТУДЫ ҮЙРЕНДІ;**

**100 ТӨРТ АЯҚТАП ТҰРУДЫ ҮЙРЕНДІ.**



1170




3


3 оңалту орталығы



EGEMEN QAZAQSTAN



SK NEWS







Абдулхамид  
Естайұлы

«Балапан» Ерте араласу орталығындағы 8-келудің жабылу салтанатында дәстүр бойынша осы жерде бірінші қадамдарын жасаған балалар үшін «тұсаукесер» рәсімі өтті. Солардың бірі - бір жас және сегіз айға толған Абдулхамид Естайұлы болды.


Туыстары Абу деп атап кеткен балақай уақытынан бұрын туылған, оның туылған кездегі салмағы небәрі 1,1 кг болған.

«Біздің жалғыз қалауымыз, балақайымыздың аяққа тұрып кетуі еді», - деп сол қиын кездерді есіне алды ұлдың анасы Айнұр.

Өмірінің алғашқы 2 айында Абу анасымен бірге №2 перинаталдық орталықта болды. Ал ауруханадан шығып, үйге келгенде үйден жиі шықпауға тырысты - осылайша туыстары баланы қауіпқатерден сақтағысы келді. Бұл Абдулхамидтің бірінші туған күніне дейін жалғасты. Дәрігерлер баланы қоршаған ортаға үйрететін уақыт жетті деп «Балапан» орталығына жіберді.

Орталық мамандары баланы қарағаннан кейін оның омыртқа сүйектері мен бұлшықеттері әлсіз екендігін мәлімдеді және бірінші кезекте Абуді емдік дене шынықтыру сеанстарына жазды. Сенуге қиын, бірақ бірінші сабақтан кейін 10 күн өткен соң, бала алғашқы қадамын жасады!

«Мен бізді әрдайым жылы шыраймен қарсы алатын «Балапан» Ерте араласу орталығының ұжымына алғыс айтқым келеді. Қазір Абдулхамид жүріп қана қоймай, жүгіреді де, оның үстіне өлеңдер айтады. Біз мұндай мүмкін болады деп ойламағанбыз. Және бұл нәтижеге орталық мамандарының арқасында қол жеткіздік», - дейді Айнұр.





# САЛАМАТТЫ БОЛАШАҚ

**«Тең мүмкіндіктер әлемі» мүгедек балалары бар ата-аналар қоғамы» ҚБ  
Жобаның географиясы:** Нұр-Сұлтан қ.  
**Мақсатты аудитория:** ерекше қажеттіліктері бар балалар

Жоба аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған бейімді дене шынықтыру және дене шынықтыру-жаттықтыру бейімді бағдарламалары бойынша алғашқы қазақстандық оқу құралы әзірленді. Оқу құралы жоба аясында ұйымдастырылған бейімді дене шынықтыру бойынша І Халықаралық ғылыми-практикалық конференция барысында дене шынықтыру оқытушыларымен жаттықтырушылар арасында сынақтан өткізілді және таралды.

Оқу-әдістемелік құралды әзірлеу үшін Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ мамандары тартылды. Оқу құралынан басқа, оқу құралына электронды қосымша және дене шынықтыру-спорттық бағдарламалар әзірленді:

1. тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бар балаларға арналған жүзу бойынша;
2. көру қабілетінің бұзылуы бар балаларға арналған жүзу бойынша;
3. тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бар балаларға арналған Бочча бойынша;
4. көру қабілетінің бұзылуы бар балаларға арналған Голбол бойынша;
5. ерекше білім беру қажеттіліктері бар және дамуында ауытқуы жоқ балаларға арналған бейімді-түзеткіш би гимнастикасы (хореография) бойынша инклюзивті бағдарлама;
6. ерекше білім беру қажеттіліктері бар және дамуында ауытқуы жоқ балаларға арналған бейімді каратэ бойынша инклюзивті бағдарлама.



Қазақстандағы алғашқы халықаралық балалар Паралимпиадалық ойындары



## ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШ РЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ ӨТКІЗІЛДІ



**6 СПОРТ ТҮРІ  
БОЙЫНША  
БАЛАЛАРҒА  
АРНАЛҒАН 11 ТОП  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ**

**ЖАТТЫҒУЛАР  
АПТАСЫНА 2 РЕТ  
ӨТЕДІ**

**ЖАЛПЫ ҚАМТУ  
150 БАЛАНЫ ҚҰРАДЫ**

Топқа тегін негізде аз қамтылған отбасылардың балалары қабылданады.





# 01

Әзірленген оқу құралы Қазақ спорт және туризм академиясының қазақ және орыс бөлімдеріне арналған «Бейімді дене шынықтыру және спорт» элективті курсының аясында оқу әдебиеті ретінде енгізілді;



# 02

322 қатысушы «Бейімді дене шынықтыру және спорт: қазіргі жағдайы және даму болашағы» І Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жұмысына қатысты. Конференцияға халықаралық спикерлер, Қазақстанның 11 аймағынан тыңдармандар қатысты. Қатысушылар 51 ғылыми мақала дайындады;



# 03

«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының аясында Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ «Бейімді дене шынықтыру және спорт» пәні құрылды және әзірленген оқу құралы енгізілді;

# 04

Жобаның әлеуметтік серіктестері - «Замандас 21» ҚҚ, ҚР Ұлттық Паралимпиадалық комитетімен, М.Әтемісұлы атындағы оқушылар сарайымен, Нұр-Сұлтан қ. әкімдігінің оқушылар сарайымен, «Фламинго» фитнес клубымен, «SpaceFitness» фитнес клубымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды.



KAZINFORM сайтындағы материал



ХАБАР 24 сайтындағы материал



# БАЛАЛАР МҮДДЕСІНДЕГІ ҚОЗҒАЛЫС

«Замандас 21» ҚҚ


**Жобаның географиясы:** Нұр-Сұлтан қ.

**Мақсатты аудитория:** халықтың әлеуметтік осал топтарының балалары мен ата-аналары

- Білім беретін, спорттық, музыкалық және шығармашылық үйірмелерде халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларының бос уақытын ұйымдастырамыз және оқытамыз.
- Отбасындағы бала мен ата-ананың өзара қарым-қатынастарын жақсартуда психологиялық көмек көрсетеміз.

## НҰР-СҰЛТАН Қ. 5 АУЛА КЛУБЫ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ:

1. Ш.Құдайбердіұлы к-сі, 28
2. Р.Қошқарбаев к-сі, 44
3. Абай к-сі, 92/2
4. Промышленный ауылы, Шалкөде к-сі, 2 (кітапхана базасында)
5. Өндіріс-1 ш.а., Сарыадыр к-сі, 3 (№49 ОМ базасында)



«СЕНЕМІН» сенім туралы фильмдер сериясы – «Балалар мүддесіндегі қозғалыс» жобасы туралы - «Бақытты отбасы» клубы




БАЛАЛАР МЕН  
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ  
ЖАЛПЫ ҚАМТУ

2 358

ҮЙІРМЕЛЕР МЕН  
СЕКЦИЯЛАР САНЫ

22





# «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» КЛУБЫ

КЛУБҚА

**620** АДАМ БАРДЫ

**86** КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

Эмоционалдық-тұлғалық саланы диагностикалау мәселелері бойынша балаларға арналған

**251**  
ЖЕКЕ КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ

Ересектерге арналған

**177**  
ЖЕКЕ КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ

## ОТБАСЫНЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ:

КЛУБТАР ІШІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

**66**


СЕРІКТЕСТЕР МЕН БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРДЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ

**51**


ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ОТБАСЫЛАРДЫҢ **360** БАЛА ҮШІН «ЖАС ШУАҚ» ЖАЗҒЫ ЛАГЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

**АТА-АНАЛАРДЫҢ 90%-Ы** «Бақытты отбасы» клубының жұмысын «ҮЗДІК» деп бағалады. Клубтың арқасында, ата-аналар балаларды позитивті тәрбиелеу бойынша жаңа білімдер мен дағдыларға ие болды, отбасылардағы жанжалдар азайды, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастар жақсарды.

ZAKON.KZ сайтындағы материал



ELDORA INFO сайтындағы материал







Әділ  
Мұхамбетқалиев


Әділ - қаржылай қиындықтарға байланысты ұлының секциялары мен үйірмелеріне төлем жасай алмаған көпбалалы Мұхамбетқалиевтар отбасының үлкен баласы. 4 жыл бұрын олар әр түрлі секциялар мен үйірмелерде тегін айналысуға болатын «Замандас 21» клубы туралы білгенде, 10 жасар Әділді әкелуді шешті. Сол уақытта ол ұялшақ және жуас бала болатын.

Алғашқы жылдары Әділ өзіне ұнайтын әуестіктерді іздеп, көптеген үйірмелерге қатысты. Домбырада ойнау және шахмат, тіл дамыту, ағылшын тілін үйрену, каратэ, қоян-қолтық ұрыс, тіпті бимен де шұғылданды.

Әр үйірме біздің жас кейіпкеріміздің мінезін қалыптастыруда із қалдырды. Төрт жыл бойы бала өзінің шығармашылық әлеуетін ашып, физикалық тұрғыда шыңдалып, өз мақсаттарына жетуді үйренді. Ол домбырада ойнау дағдыларын жетілдіруді және қоян-қолтық ұрыспен айналысуды жалғастыруда, сонымен қатар дебаттарға қатысады.

Әділ өзінің 14 жасында ата-анасының тірегі, қолынан келгенінше отбасына көмектеседі және тіпті табыс табуды үйренуде: ол өзінің досымен бірге іс-шараларда өнер көрсетеді және сол үшін ақшалай сыйақы алады. Әділ клубтан көптеген достар тапты және «Замандас 21» клубын өзінің екінші үйі деп санайды. Оның басты мақсаты - мектепті жақсы бітіріп, университетке түсу, сұранысқа ие мамандық алып, болашағы үлкен жұмысқа орналасу. Жас жігіт өзінің күшіне сенеді және мақсатына жету үшін бәрін жасауда. Бүгінде Әділ халықаралық байқаулардың лауреаты және көптеген жарыстардың жүлдегері болып табылады.

Әділдің анасы - Ботагөз былай дейді: «Менің ұлым сауатты сөйлейді, жүрген жерінде тез тіл табысып, бәрімен араласып кете алады. Осы жылдар ішінде оның бойында көшбасшылық қасиеттер мен ұйымдастырушылық қабілеттер байқалды. Мұның бәрі «Замандас 21» ұжымының үйлесімді жұмысының арқасы, оның педагогтары әр баланың тілін тауып, барлық қырларын аша алады».





# МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗДАР

«Әлеуметтік жобалар қоры» КҚ


Жобаның географиясы: Қазақстанның барлық аймақтары

Мақсатты аудитория: шалғай бекеттер мен разъездердің тұрғындары


NUR KZ «Медициналық пойыздар» жобасының үздік дәрігерлерін марапаттау 2019ж.



2010 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАЛҒАЙ АУДАНДАРЫНЫҢ ХАЛҚЫ ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛАДЫ



You Tube ХАБАР 24 арнасы



2019 ЖЫЛЫ «ДЕНСАУЛЫҚ» ЖӘНЕ «ЖӘРДЕМ» ЕКІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗЫ 273 БЕКЕТ ПЕН РАЗЪЕЗД ТҰРҒЫНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТТІ







2019 жылы сәуірдің аяғында «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ жанындағы Әлеуметтік жобалар қоры «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен бірігіп «Денсаулық» медициналық пойызын іске қосты.

Тамыз айынан бастап тағы бір мамандандырылған медициналық «Жәрдем» пойызы жолға шықты. Медициналық пойыздар Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарында еліміздің медициналық қызметке қолжетімділігі жоқ шалғай бекеттері мен жақын орналасқан ауылдардың тұрғындары үшін алғашқы медициналық-санитарлық және кеңестік-диагностикалық көмек көрсетті.

Біздің пойыздарымыз шалғай бекеттердің тұрғындарының арасында үлкен танымалдылыққа ие, себебі медициналық бригадалардың құрамында салалық мамандар жұмыс істейді, қарапайым ауруханаларда үлкен кезектер болғандықтан олардың қабылдауына түсу қиын, ал шалғай бекеттерде мұндай мамандар жоқ. Әрбір медициналық пойыз медициналық кабинеттерге ұқсас жабдықталған және диагностикалық тексеру мен алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті ең жақсы медициналық жабдықпен жарақтандырылған 8 вагоннан тұрды. «Медициналық пойыздар» жобасы 2010 жылдан бері жүзеге асырылуда және шалғай бекеттердің тұрғындары үшін жыл сайын күтілетін оқиғаға айналды, себебі шалғай өңірлердің адамдары үшін медпойыздардың мамандарына жүгіну күрделі ауруларды анықтаудың жалғыз мүмкіндігі болып табылады.

**КЕҢГІРБАЕВ ЕРБОЛ**

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік жобалар қорының директоры**



Уақытылы медициналық көмектің өз уақытында көрсетілуі өте маңызды, әсіресе, егер бұл ауыр жарақаттарға қатысты болса, себебі кейде секундтың өзі саналады. Бұл қарапайым күн болатын. Елена Ахметова ұлы Мирасты достарымен ойнауға жіберіп, өз істерімен айналысып жатқан болатын, сол кезде оған қоңырау шалып, ұлы мотоциклдан құлағанын хабарлады. Санаулы минуттарда анасы апат орнына жетті. Мирас өте ауыр жарақаттар алыпты. «Біздің Қияқты станциясы Мойынқұм аудан орталығынан және сондағы білікті көмек көрсете алатын жалғыз ауруханадан екі сағаттық жерде орналасқан. Үлгермей қалар ма едік деп қорқамын...», - дейді Елена. Олардың бақытына орай сол күні Қияқты станциясына медициналық пойыз келген еді. Елена мен ұлы жедел түрде жақындарының көмегімен пойызға жеткізілді. Дәрігерлер Мирасты шұғыл қабылдап, тексерді де алғашқы медициналық көмек көрсетті. Сол жерде УДЗ жасап, ішкі ағзалары зақымдалғанын айтты, жедел ота жасау қажет болды. «Ұлдың жағдайын тұрақтандырғаннан кейін, аудан орталығынан жедел жәрдем шақырып, бізді ауруханаға жіберді. Сол жерде жергілікті дәрігерлер Мирасты толық тексеруден өткізіп, бауырына күрделі ота жасады. Баламның өмірін құтқарып қалды», - деп бөліседі әйел. Қазіргі уақытта Мирас өзін жақсы сезінеді, оларды ауруханадан шығарды, бірақ әлі де дәрігерлердің бақылуында. «Мен барлық дәрігерлерге, әсіресе «Жәрдем» медпойызының мамандарына алғыс айтқым келеді. Олар болмаса, ақыры қандай болатынын елестете де алмаймын. Сіздерге үлкен рақмет, мен сіздердің кәсіби біліктіліктеріңіздің алдында бас иемін», - деп қорытындылады Елена.



Мирас Нұрлан



## ЖАҢАӨЗЕН Қ. БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІН АВТОКӨЛІКПЕН ЖАБДЫҚТАУ

### «Samruk-Kazyna Trust» КҚ

**Жобаның географиясы:** Жаңаөзен қ.

**Мақсатты аудитория:** Жаңаөзен қ. тұрғындары

- Жаңаөзен қ. жалпы білім беретін мектептері мен медициналық мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында 3 мектеп автобусы мен 3 реанимобиль сатып алынды.
- Жайлы автобустар қаланың шалғай аудандарында тұратын 1000-нан астам оқушыларға жылдам әрі қауіпсіз мектепке жылдам әрі қауіпсіз жетуге және кері қайтуға, қосымша экскурсияларға, облыстық сайыстар мен байқауларға шығуға, туристік сапарларға қатысуға мүмкіндік береді.
- Реанимобильдер шұғыл көмек көрсетуге қажетті медициналық жабдықтардың 29 түрімен: реанимациялық және ақушерлік жиынтықтармен, өкпені жасанды желдету аппараттарымен, дефибриляторлармен және басқа да аспаптармен жабдықталған.

### АВТОКӨЛІК ЖАҢАӨЗЕН Қ. КЕЛЕСІ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ БЕРІЛДІ:


1. Жаңаөзен қ. жедел медициналық көмек бөлімшесі - 2 реанимобиль;
2. Жаңаөзен көпсалалы ауруханасы – 1 реанимобиль;
3. № 4 ОМ – 1 мектеп автобусы;
4. № 16 ОМ – 1 мектеп автобусы;
5. № 22 ОМ – 1 мектеп автобусы.



Жаңаөзеннің медициналық және білім беретін мекемелеріне 3 реанимобиль мен 3 мектеп автобусын табыстау рәсімі.



21 ҚАРАША КҮНІ АҚТАУ Қ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ А.С.ЕСІМОВТЫҢ, ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАН ӨКІЛДЕРІНІҢ, «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ АВТОКӨЛІКТЕРДІ САЛТАНАТТЫ ТАБЫСТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.






# 03


МЕКТЕП  
АВТОБУСЫ

# 03

РЕАНИМОБИЛЬ



TENGRINEWS



ZAKON.KZ



# БАЛАЛАР МЕН ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ


«SOS Қазақстанның балалар ауылдары» КҚ

Жобаның географиясы: Алматы, Теміртау және Нұр-Сұлтан ққ.

Мақсатты аудитория: өмірлік қиын жағдайлардағы отбасылар, асырап алушы отбасылар, әлеуетті асыраушы отбасылар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.



БАЛАДАН БАС  
ТАРТУ ҚАУПІН  
ТӨНДІРЕТІН ӨМІРЛІК  
ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА  
ҰШЫРАҒАН БАЛАЛЫ  
ОТБАСЫЛАРДЫ  
ЖӘНЕ АСЫРАНДЫ  
БАЛАЛАРЫ БАР  
ОТБАСЫЛАРДЫ  
АНЫҚТАУ



SOSKINDERDORF.KZ



SOSKINDERDORF.KZ



SOSKINDERDORF.KZ



МОБИЛЬДІК ТОПТАР БІЛІМ БАСҚАРМАСЫМЕН БІРГЕ ОТБАСЫЛАРҒА  
**19 ШЫҒУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ**

**291 БЕНЕФИЦИАР**

ПСИХОЛОГ/ ПСИХОТЕРАПЕВТТІҢ ҚЫЗМЕТІН АЛДЫ

**35 АТА-АНАЛАР КЛУБЫ** өткізілді

АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН

**45 БАЛАҒА**

БИОЛОГИЯЛЫҚ ТУЫСТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛПЫНА  
 КЕЛТІРУГЕ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**92 ҮМІТКЕР**

АСЫРАП АЛУШЫ АТА-АНА БОЛУҒА ОҚЫТЫЛДЫ

**158 ОТБАСЫҒА**

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**167 БЕНЕФИЦИАР**

ЗАҢГЕР ҚЫЗМЕТТЕРІН АЛДЫ

БАЛАНЫ БАЛАМАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА БЕРУГЕ ДАЙЫНДАУ ҮШІН  
 ОТБАСЫН СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ ЖЕКЕ ЖОСПАРЫ ӘЗІРЛЕНДІ

40 ЖЕТІМ, АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАНЫҢ  
 АЛМАСТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРЫНДА БЕЙІМДЕЛУ ҮРДІСІНЕ МОНИТОРИНГ  
 ЖҮРГІЗІЛУДЕ





Ғажайыптар тек ертегілерде ғана емес, күнделікті өмірде де болады. Тек біз ғажайыптың болғанын әрқашан байқай бермейміз.

Антонина Теміртау Балалалар ауылының SOS Балалар мен отбасын қолдау орталығы оның және жақындарының өмірін өзгерте алады деп ойлап па еді?

Антонина – баласын жалғыз тәрбиелеп отырған жас ана. Анасының өлімінен кейін қалған мұраның бәрі, үлкен қарыздар және Антонина мен әпкесі тұрып жатқан екі бөлмелі пәтер. Өмірлік қиын жағдайға қарамастан, жас қыз үмітін үзбей, шығар жол табуға тырысты. Сондықтан Теміртау Балалалар ауылының SOS Балалар мен отбасын қолдау орталығына жүгінді. Тұрақты жұмыс орны болмаған Антонина зауытқа көмекші жұмыскер болып орналасты. Жұмыс ауыр, бірақ тапқан қаражат отбасыны ұстап тұруға жетеді. Зауытта жас қыз өзінің махаббаты - көршілес бригададағы көңілді Александрды жолықтырды. Ол кезде, Орталықтағы өзге де психологиялық тренингтермен қатар, Антонина жауапты және саналы ата-ана болу дағдыларын дамытып, «Мықты ата-ана - мықты балалар» бағдарламасы бойынша сабақтарға барып жүрді.

- Антонина, лимонад ішкің келе ме? – деді Александр күлкіден бал-бұл жайнап.

- Менің уақытым жоқ, мен мектепке барып жүрмін!

- Қандай мектеп? Осындай үлкен бола тұра мектепке барасың ба?

- Ештеңе де түсінбейсің: мен SOS ауылында жобаға қатысып жүрмін.

Ол жерде бізге барлығы бақытты болатындай қалайша берік, дені сау отбасы құру және балаларды қалай дұрыс тәрбиелеу керектігін үйретеді.

- Мені өзіңмен бірге аласың ба, менің де барғым келеді - деп Александр соңынан қалмай, Антонинаға жалынып қарады. Ол мұқият қарады да, қатты күліп жіберді: «Жарайды! Рұқсат берер деп ойлаймын!»

Рұқсат берді.

Александр мен Антонина барлық сабақтарда бірге отырды, бір-біріне қолдау көрсетіп, көмектесті. Кейде дауласып та қалады, себебі балаларды тәрбиелеу мәселесі оңай емес. Алайда бірге оқу мен уақыт өткізу оларды біріктірді. Мектептің барлық қатысушылары осы бір ашық, жылы шырайлы және көңілді жұпты ұнатып қалды. Әрқашан бірге, үзілістер кезінде бірге шай ішіп отырып, өздері бір нәрсеге жымылып отырады. Сертификатты да балалар бірге алды. 26 қазан күні бағдарламаның соңғы сабағынан қол ұстасып бірге кетті.

Ал одан кейін желтоқсанның жарық күндерінің бірінде бал-бұл жайнаған Антонина Александрдың үйлену туралы ұсыныс жасағанын хабарлады. Енді оның да берік отбасы, сенімді күйеуі және өте жақсы баласы бар! Алайда Антонина қол жеткізген жетістігімен тоқтап қалмайды. Алда жаңа арман бар - кәсіби маникюр шебері болу.



**Александр және Антонина**



## «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ШЕҢБЕРІНДЕГІ БАСҚА ДА ІС-ШАРАЛАР

«Нұрлы Астана» КҚ

Жобаның географиясы: Нұр-Сұлтан қ.

Мақсатты аудитория: халықтың әлеуметтік осал топтарының балалары

АЗ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР, ЖЕТІМ БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР, СОНДАЙ-АҚ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАР ҚАТАРЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА КӨМЕКТЕСЕМІЗ.




# 3 300

БАЛА ЖОЛДОРБА ЖӘНЕ  
КЕҢСЕ ЖАБДЫҚТА-  
РЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ-  
ДАНДЫРЫЛДЫ

# 11

МҮГЕДЕКТЕРГЕ  
АРНАЛҒАН  
АРБА «ЖАНҰЯ»  
СМҚД ЕРЕКШЕ  
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР  
БАЛАЛАРЫНА БЕРІЛДІ




ELORDS INFO

Свыше трех тысяч столичных школьников получили рюкзаки с учебными принадлежностями



ВЕЧЕРНЯЯ АСТАНА





# АУТИЗМДІ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ!

«Мейірімділік Ерікті Қоғамы» ҚҚ

Жобаның географиясы: Алматы қ.

Мақсатты аудитория: аутистік спектрдің бұзылуы бар балалар және олардың отбасылары

«Аутизмді жеңуге болады!» жобасы аутистік спектрдің бұзылуы бар балалар өсіріп жатқан отбасыларға көмектеседі.



## 45

АУТИСТІК СПЕКТРДІҢ БҰЗЫЛУЫ БАР БАЛА ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ОРТАЛЫҚТА ОҢАЛТУДАН ӨТЕДІ

## 233

ОТБАСЫ АЛМАТЫ Қ. АУТИСТІК СПЕКТРДІҢ БҰЗЫЛУЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС БОЙЫНША ОРТАЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГТАРЫНАН, ЛОГОПЕДТЕРІНЕН ЖӘНЕ ТҮТӨРЛАРЫНАН КЕҢЕС АЛДЫ

2-5 жас аралығындағы бөбектер тобынан **18** бала: 22% қарапайым балабақшаға барды, 83% өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерді, 55% көзбен байланыс жасауға жетті.

Психологиялық-педагогикалық түзету тобындағы **21** баланың физикалық жағдайы жақсарды және орталық көру қабілетін орнатты және тұрмыстық дағдыларды меңгерді.

Білім алатын топтан **11** бала ақпаратты талдау және өңдеу қабілетін жақсартты, футбол жарыстарына, эстафеталарға қатысады, музыкалық дағдыларын (фортепиано, шығыс барабандары) дамытты. 5 бала инклюзия базасындағы жалпы білім беретін мектепте оқиды.



**KAZINFORM**

Читайте также: Праздник для детей с аутизмом прошел в Алматы

**365 INFO.KZ**

Лучшие практики работы с детьми с аутизмом представили на конференции в Алматы



# БАЛАЛАРҒА ӨМІР СЫЙЛА


«Мейірімділік Ерікті Қоғамы» ҚҚ

Жобаның географиясы: Қазақстанның барлық аймақтары

Мақсатты аудитория: Қазақстанда емделмейтін диагноздары бар 18 жасқа дейінгі балалар



«БАЛАЛАРҒА ӨМІР  
СЫЙЛА» ЖОБАСЫ  
ҚАЗАҚСТАНДА  
ЕМДЕЛМЕЙТІН  
АУЫР АУРУЛАРЫ  
БАР БАЛАЛАРҒА  
ШЕТЕЛДІК  
КЛИНИКАЛАРДА ЕМ  
АЛУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ



## 255


БАЛА ЕМДЕЛУГЕ  
ЖІБЕРІЛДІ

2019 ЖЫЛЫ МЕЦЕНАТТАРДАН


## 400 231 113

ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ КӨМЕК БЕРІЛДІ

ИНФОРМБЮРО



Экспресс К



АЙЛИН  
МОЛДАБЕКОВА

Айлин балақай небәрі 2 жаста, бірақ өзінің кішкентай ғана өмірінде қыз б отаны басынан өткерді. Туыстары Айлинді күшті қалайы жауынгер деп атайды. Туғаннан бастап дәрігерлер ата-анасына бір нәрсені ғана қайталай берді: «Қыздарыңыз жарты жыл да өмір сүрмейді». Бірақ ата-ананың ғажайыпқа сенуі, қызына деген сөзсіз махаббаты өмірде бәрі мүмкін екендігін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Айлин алдыңғы іш қабырғасының туа біткен ақауымен дүниеге келді, сондықтан оның жұқа және тоқ ішектерінің жартысын алып тастады. Енді Айлинде қысқа ішек синдромы бар, ол 18 сағаттап парентеральды (көктамыршілік) тамақтануда болуға мәжбүр. 6 айлығында қызға орталық көктамыр катетері орнатылып, Айлин сол арқылы тамақтанып жүрді. Бесінші жоспарлы емдеуге жатқызар алдында Айлиннің ағзасы катетерден бас тарта бастағанға дейін бәрі жақсы болды. Оны алмастырғанымен Айлиннің ағзасы оған да мүмкіндік бермеді.

Қыз өсіп, қоршаған ортаны тани бастады, ол өзіне кедергі жасайтын және ыңғайсыздық туғызатын заттардың бәрін алып тастауға ұмтылды: негізінен бұл таңғыштар болатын. Балақай катетерге де тиісіп, кездейсоқ зақымдап алды. Қарапайым катетерді тері асты порт-жүйесіне ауыстыруға шешім қабылданды. Бірақ ол да істен шықты: порт-жүйенің ақаулығына байланысты, тамақ тері астына емес, көктамырға түсе бастады, бұл өте қауіпті еді. Катетерді қайтадан ауыстырды.

Біраз уақыт өткен соң Айлин порт-жүйенің бұзылуы (ине салу жерінен парентеральды тамақтану ерітіндісінің ағып кетуі) себебінен Мәскеу қалалық балалар емханасына шұғыл ауруханаға жатқызылды. Жұмыс істемейтін катетерді алып тастап, сол жақ ішкі мойындырық көктамырына жаңа порт орнатты. Ота жақсы өтті, бірақ балақай наркоздан қиналып шықты.

Қазір бәрі қалпына келді, ол өзін жақсы сезінеді, салмақ жинауда, сіңлілілерімен қуанып ойнайды. Дәрігерлер энтеральды және парэнтеральды тамақтану құрамы мен режиміне түзету жасады. Айлинді ет еzbесімен тамақтандыруға рұқсат берді.

«Сіздердің арқаларыңызда біз қажетті емді жалғастырудамыз, бізге көмектесіп жатқандарыңызға рақмет! Біздің отбасымыз Айлиннің сауығу жолында көмек көрсеткендеріңіз үшін шын ниетпен алғыс білдіреді! Құдай сіздерге және жақындарыңызға денсаулық берсін!», - дейді Айлиннің анасы Ромин.



# ЖЕТІМ БАЛАЛАРСЫЗ ҚАЗАҚСТАН

**«Мейірімділік Ерікті Қоғамы» ҚҚ**

**Жобаның географиясы:** Алматы қ.

**Мақсатты аудитория:** жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және асыраушы отбасылар

«Жетім балаларсыз Қазақстан» жобасы балаларды отбасына орналастыра отырып, проблемалық жағдайлар бойынша отбасылар мен асырап алушы балаларға заңдық қолдау көрсетуге бағытталған.



## 578

ОТБАСЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАР БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР АЛДЫ

«ХАБАР» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АРНАСЫНДА «ДЕНЬ АИСТА» ТВ-БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ

## 38

СЮЖЕТІ ЭФИРГЕ ШЫҚТЫ

**ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:** 4 БАЛА ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛЫНДЫ, 1 БАЛА ӨЗІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ОТБАСЫНА ОРАЛДЫ, 3 - АСЫРАП АЛЫНДЫ, 4 - ПАТРОНАТҚА АЛЫНДЫ





## «АЛҒА» МҮГЕДЕКТЕР КЛУБЫН СПОРТТЫҚ ЖАБДЫҚТАРМЕН ЖАБДЫҚТАУ

«Алға» мүгедектер спорттық клубы» ҚҚ  
 Жобаның географиясы: Жаңаөзен қ.  
 Мақсатты аудитория: Жаңаөзен қ. тұрғындары



ЖОБА «АЛҒА» МҮГЕДЕКТЕР КЛУБЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

4 ТОҚСАНДА КЛУБТА ЖАТТЫҚТЫРҒЫШТАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП 2 СПОРТТЫҚ ІС-ШАРА ӨТКІЗІЛДІ

КЛУБТА СПОРТПЕН АЙНАЛЫСАТЫНДАР САНЫ 100 АДАМНАН АСТЫ

Клуб үшін сатып алынған жаттықтырғыштар спортшыларға жарыстарға кәсіби дайындалуға, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге және отыратын және классикалық волейбол, пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, үстел теннисі, армрестлинг секілді паралимпиадалық спорт түрлерін дамытуға мүмкіндік береді.



КЛУБТА 18 СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҚТЫРҒЫШ ОРНАТЫЛДЫ





## «ІТ МҮМКІНДІКТЕРІ ТЕҢ ӘЛЕМ»


«Мұңаймайтын Мүгедектер Қоғамы» Қоғамдық Бірлестігінің «Ерекше Таңдау-Шелек» КҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** 35 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар жастар

ІТ-технологиялар саласында әлеуметтік идеяларды жүзеге асыруға шағын гранттар ұсынумен білім беру курстарын өткізу арқылы мүгедектігі бар тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу.

Жоба аясында үш сектордың: мемлекет, ҮЕҰ және бизнестің серіктестігі реттелді.



### ЖОБА ҚА- ТЫСУШЫ- ЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІК- ТЕРІ:

—  
**7 АДАМ**  
ЖҰМЫСҚА  
ОРНАЛАСТЫ

—  
**5 АДАМ** өзін-өзі  
ЖҰМЫСПЕН  
ҚАМТЫДЫ

—  
**7 АДАМ**  
ОҚЫТЫЛДЫ/  
ТАҒЫЛЫМДАМАДАН  
ӨТТІ

24 қаңтарда ҚР ЕжХӘҚ вице-министрі Н. Мұқышевтің қатысуымен жобаны іске асыруды бастау туралы ОКҚ баспасөз конференциясы өтті;

6-7 наурыз аралығында Қарағанды қ. хакатон өтті, 50 адам қатысты;

20 наурызда Шымкент қ. хакатон өтті, 32 адам қатысты

сәуір-тамыз айлары аралығында мүгедектігі бар 17 тұлға өзінің тұрғылықты аймақтарында 2-3 айлық курстардан өтті;

Жалпы жұлде қоры 2 млн теңгені құрады.

27-28 ақпан аралығында Орал қ. хакатон өтті, 67 адам қатысты;

13-14 наурыз аралығында Алматы қ. хакатон өтті, 55 адам қатысты;

2-6 сәуір аралығында Алматы қ. Тау-Тұран БСК 27 адамға арналған (о.і. 17 мүгедек) ІТ лагерь өтті (88 өтінім болды);

28 тамызда Astana HUB-та үздік жоба байқауы өткізілді, онда 7 жоба таныстырылды;



# АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ

---





## «NAZARBAYEV FUND SCHOOLS CHALLENGE» КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

**«Назарбаев Университеті» Автономды білім беру ұйымы**

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** 16-18 жас аралығындағы орта/жалпы білім беретін мектептердің оқушылары

«Nazarbayev Fund Schools Challenge» – бұл жыл сайын қазақстандық оқушылардың зияткерлік әлеуетін ынталандыру және қолдау, олардың зияткерлік қызмет өнімдерін жасауға деген қызығушылығын арттыру және қалың жұртшылықты жастардың шығармашылық және ғылыми жетістіктерімен таныстыру мақсатында өткізілетін байқау.

2019 жылғы байқау аэроғарыш тақырыбына арналды, байқауға қатысуға 82 команда өтінім берді, олардың 17-сі финалға шықты.

Оқушылар байқауының аймақтық кезеңінің басты тапсырмасы болашақ ұшақтың түпүлгісін ойлап табу және оны финалдық кезеңде сараптық комиссияның алдында қорғау болды.

Жеңімпаз командалар - Ақмола және Павлодар облыстарының жас инженерлері болды, сондай-ақ әр финалист командадан 2 оқушыдан «жасыл» технологияларды аэроғарыштық жобалау және дамыту саласындағы әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының бірі - Крэнфилд университетіне (Ұлыбритания) оқу-танымдық сапарға аттанды.



**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР КОМАНДАДА ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН, КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАНЫСТЫРУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖАҚСАРТЫП, АЭРОҒАРЫШТЫҚ ӨНЕРКӘСІП ТУРАЛЫ ЖАҢА БІЛІМ АЛДЫ, ҚАЗАҚСТАН МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ИНЖЕНЕРЛІК МАМАНЫДЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫМЕН ТАНЫСТЫ.**

# 82

команда байқауға қатысуға өтінім берді

олардың

# 17

-сі  
финалға шықты





# ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА:

01

**82 ОҚУШЫЛАР КОМАНДАСЫ** аймақтық кезең нәтижелері бойынша байқауға өтінім берді;

Арнайы құрылған комиссия **17 КОМАНДАНЫ** іріктеп алды. Ол командалар Нұр-Сұлтан қ. финалға шақырылды;

02

2019 жылдың 25-27 маусымы аралығында Нұр-Сұлтан қ. Назарбаев Университетінің ғимаратында 17 команда өкілдерінің қатысуымен **ФИНАЛДЫҚ ТҮР ӨТКІЗІЛДІ**. Финалдық турды Крэнфилд британдық университеті өткізді;

03

Павлодар және Ақмола облыстарынан жеңімпаз **КОМАНДАЛАР ІРІКТЕЛДІ**. Екі команда, сондай-ақ олардың оқытушылары мен финалдық турдың белсенді қатысушыларының қатарынан тағы 28 оқушы Ұлыбританияға оқу-танымдық сапарға аттануға мүмкіндік алды;

04

2019 жылдың 19-26 тамызы аралығында **ҰЛЫБРИТАНИЯҒА** оқу-танымдық сапар ұйымдастырылды

Сапар аясында қатысушылар Крэнфилд университеті оқытушыларының дәрістеріне, практикалық сабақтарға, Даксфордтағы империялық мұражайға, Кембридж университетіне және Виндзор сарайына барды.

Сонымен қатар, балалар Jetstream ұшағында оқу ұшуына, симулятордағы Боингте ұшу мен қонуға, аэродинамикалық құбырда ұшуға қатысты;

05

Сапар қатысушыларының ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Қорының Лондондағы өкілдігі кеңсесінің жетекшісі Ғани Бекеновпен **КЕЗДЕСУІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ** және Крэнфилд университетінің екі қазақстандық магистранты сапар қатысушыларының алдында сөз сөйледі;

06

Павлодар, Ақмола және Жамбыл облыстарының қатысушылары өз аймақтарының мектептерінде **ЖОБАНЫҢ 13 ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫН** өткізді.



АИТЕР



KAZINFORM





# SOYLE

## «Мемлекеттік тілді дамыту қоры» КҚ


**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** қазақ тілін үйренуге мүдделі барлық тұлғалар

Жобаның мақсаты - Қазақстан халқының арасында мемлекеттік тілді дәріптеу. Ол үшін оны тегін, ең бастысы - жеңіл үйрену үшін мүмкіндіктер жасалды: бұл заманауи оқыту әдістемелері және IT-технологиялар.

Жобаның танымал болғаны соншалық, оны тіпті басқа елдердің тұрғындары да пайдалана бастады. Себебі тіл арқылы қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары танылады.

Бүгінде жобаның қазақ тілін үйрену бойынша көп құралдары бар: сайттан басқа, Soyle және Bala Soyle мобильдік қосымшалары, ресми-іскерлік қазақ тілін үйрену бойынша Resmihat.kz порталы және Qazaq Latyn Keyboard қосымшасы жұмыс істейді.



## ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА:

## GOOGLE PLAY ЖӘНЕ APP STORE-ДА SOYLE, BALASOYLE ҚОСЫМШАЛАРЫ ЖӘНЕ RESMIHAT.KZ САЙТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Google play және App store-да «Balasoyle.kz» мобильдік қосымшасы іске қосылды.

Soyletube қазақ тілін үйрену бойынша 9 бейнеролик дайындалды және YouTube-қа салынды, роликтер 65 000 қаралым жинады.

www.soyle.kz сайтында, ағылшынша сөйлейтін адамдарға және латын әліпбиіндегі қазақ тілін пайдаланушыларға қазақ тілін үйрену материалдарына қолжетімділік беретін «Soyle.kz» онлайн курсының ағылшын-латындық нұсқасы құрылды.

## 2 900

«Balasoyle.kz» мобильдік қосымшасын орнатулар саны

## 65 000

YouTube-тағы қаралым

«Астана» радиосының тікелей эфирінде қазақ тілін үйрету бойынша»

## 82

сабақ өткізілді

Play Market және App Store-дағы орнатулар саны 9 589 құраған «Soyle» мобильдік қосымшасының мазмұны жаңартылды.

2014-2019 жж. www.soyle.kz сайтында тіркелген пайдаланушылар саны 8 есе өсті.


Аудиториясының сандық қамтуы Қазақстанда және басқа елдерде тұратын 119 120 астам адамды құрайтын www.soyle.kz интернет порталының мазмұны жаңартылды, www.soyle.kz сайтының қаралымдар саны 206 273-тен 980 703-ке өсті.

www.resmihat.kz интернет порталының мазмұны жаңартылды, resmihat.kz порталында тіркелген пайдаланушылар саны 1 400-ден 16 031 адамға дейін артты, resmihat.kz сайтының қаралымдар саны 15 180-нен 102 398-ге дейін өсті.

www.resmihat.kz порталында екі тілде мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде қолданылатын 1294 типтік құжаттың 2 электронды сөздігі құрылды.

Сайт тақырыбы бойынша қарау және жүктеу мүмкіндігі бар әдебиеттер салынды, сипаттамасы бар үлкен терминдер базасы қосылды, арнайы таңдалған бейнероликтер салынды, жазу бойынша ережелердің 9 тарауы қосылды.

Әрбір әріп бойынша тапсырмадан өтуге болады және осылай алынған білімді бекіту мүмкіндігі бар жаңа латынша әліпби ұсынылды.



## 9 589

жаңартылған «Soyle» мобильдік қосымшасын орнатулар саны (Play Market және App Store-да)

## 171 467

адам өз бетімен сайтта қазақ тілін үйренді


## 87%

пайдаланушы Soyle.kz онлайн порталының жұмыс сапасын «өте жақсы» деп бағалайды


## 13%

пайдаланушы сапаны «жақсы» деп бағалайды

BAIGENEWS



365 INFO.KZ





# «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

Жобаның географиясы: Павлодар, Щучинск, Шымкент, Ақтау және Нұр-Сұлтан ққ.

Мақсатты аудитория: «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы VI Спартакиада корпоративтік мәдениетті дамытуға және еңбек ұжымдарындағы үйлесімді өзара байланыстарды нығайтуға бағытталған.

2019 жылы Спартакиадаға компаниялар тобының 1500 қызметкері қатысты.

Ақтау, Щучинск, Шымкент және Павлодар қалаларында өткен аумақтық іріктеу жарыстарында финалистер анықталып, Нұр-Сұлтан қаласындағы суперфиналда кездесті.

VI Спартакиада екі кезеңнен тұрды. 4 аумақтық іріктеу жарыстары: Солтүстік-Шығыс, Оңтүстік, Орталық, Батыс Қазақстан қалаларында және Нұр-Сұлтан қаласында суперфинал.




**1555** ..... **106**  
қызметкер қатысты ЕТҰ

**8 СПОРТ ТҮРІ**  
стритбол, волейбол, шағын-футбол, шахмат, тоғызқұмалақ, киберспорт, армрестлинг, үстел теннисі



**657** ..... **84**  
Суперфиналға қатысушы ЕТҰ

**< 1 000**  
Нұр-Сұлтан қ. суперфиналдағы жанкүйерлер

SK NEWS



SK NEWS



Мұндай спорттық іс-шараларды өткізу салауатты өмір салтын насихаттауға ғана емес, сонымен қатар жаңа таныстықтар, еліміздің әр түрлі аймақтарынан достар табуға, жалпы Қордың құрылымын түсінуге ықпал етеді, сондай-ақ шалғай аймақтардан келген жұмыскерлерге облыс орталығында және еліміздің астанасында болуға мүмкіндік береді. Өз командасының және ұйымының жеңісіне үлес қосуға, өзін маңызды, қажетті және тең құқылы адам ретінде сезінуге мүмкіндік береді, себебі ойын алаңында біз бәріміз теңбіз!

**ӘСЕТ ҚЫЛЫШБАЕВ**  
«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас менеджері







Ирина Ершова «KEGOC» АҚ жұмыс істейді. «Самұрық-Қазына» АҚ КТ жұмыскерлері арасындағы спартакиадаға 2014 жылдан бері қатысады. Ирина - 65 кг дейінгі салмақтағы әйелдер арасында армрестлинг бойынша 5 мәрте чемпион.

«Мен қарсыластарымды алғаш көргенде қатты толқыдым. Барлығы қалай өтер екен деп уайымдадым. Себебі бұл спорт түрінде сен өзің үшін жарысасың, мұнда командалық рух жоқ. Жасыратыны жоқ, маған арықтауға, диетада отыруға тура келді, мұның барлығы жеңіс үшін», - дейді Ирина Ершова.

Бұл спорт түріне Ирина кездейсоқ келді. Оның негізгі спорт түрі волейбол болатын. Бірақ спортшы әйел тізеден жарақат алып сайыстарға қатыса алмай қалды, бұл оны қол күресімен айналысуға итермеледі.

«Жарыстар кезіндегі ең бастысы - бұл ниет, күресуге деген ниет, жеңуге деген ниет. Ешқашан қарсыластарыңды жете бағаламауға болмайды, себебі жете бағаламасаң, сен жеңіліп қалуың мүмкін. Мен бұдан әрі де спартакиадаларға осындай сенімділікпен және осындай ниетпен қатысамын және үйге жеңіспен келетін боламын деп үміттенемін», - деп бөліседі спортшы.



Ирина Ершова,  
«KEGOC» АҚ



# SPORTFEST KAZAKHSTAN

«Коммуникативтік бастамалар мен стратегиялар қоры» ЖҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** орта білім беретін мектептердің 8-10 сынып оқушылары

«SportFEST Kazakhstan» Республикалық мектеп спартакиадасы - бүкіл Қазақстанның мыңдаған оқушыларының сүйікті спорттық мерекесі. Оның басты мақсаты - жастар арасында салауатты өмір салтын және бұқаралық спортты дамыту және дәріптеу.

«SportFEST Kazakhstan» – басымдықтарының бірі салауатты өмір салты болып табылатын белсенді ұрпақты өсіре отырып, елімізде бұқаралық спорттың қалай дамып жатқандығының жарқын мысалы.

Спартакиада 2 кезеңнен тұрады: іріктеу және финалдық ойындар. Іріктеу облыс орталықтарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында өтеді.

2019 жылы спартакиадаға 7000 оқушы қатысты, олардың ең үздіктері атақты «Балдәурен» лагерінде өз аймақтарының намысын қорғады. Іріктеу турларының кезінде қолданылатын спорттық инвентарьды аймақтық кезеңдерге қатысқан мектептерге сыйлайды.

6

«Балдәурен» РОСО  
Спартакиаданың финалдық  
кезеңі (Щучинск қ.)

17

спорт түрі бойынша

аймақтық іріктеу туры



ФУТЗАЛ



БАСКЕТБОЛ



ҮСТЕЛ ТЕННИСІ



ӘСКЕРИ-  
ҚОЛДАНБАЛЫ  
СПОРТ ТҮРЛЕРІ



ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ




ШАХМАТ



KTK TA



TENGRINEWS



«SPORTFEST KAZAKHSTAN» ЖОБАСЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ЕКІ ЖЫЛ ІШІНДЕ 14 МЫҢНАН АСТАМ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ СҮЙІКТІ СПОРТ ТҮРЛЕРІМЕН АЙНАЛЫСУҒА МҮМКІНДІК АЛДЫ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕКТЕП СПАРТАКИАДАСЫ, СӨЗСІЗ, КӨПТЕГЕН ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ СПОРТҚА ҚЫЗЫҒАТЫН БАЛАЛАР ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ КӨРСЕТУДІҢ КЕРЕМЕТ МҮМКІНДІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. САЙЫСҚА ҚАТЫСУ - БҰЛ ТЕК ЖАРЫСТАР ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР, ЕҢ АЛДЫМЕН ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ОҚУШЫЛАРЫНА БІР-БІРІМЕН ТАНЫСУҒА, СОНДАЙ-АҚ ЖАҢА ДОСТАР ТАБУҒА МҮМКІНДІК.

**АЙБЕК ҚАЗЫҒҰЛОВ**

«SportFEST Kazakhstan» жобасының өкілі



Карина үш жыл бойы баскетболмен айналысады. Бойжеткен бір күні осы спорт түрінде өз күшін сынап көруді шешіп, оған қатты ұнағанын айтады. Баскетбол бойынша бірінші сабақтан бастап күнделікті жаттығулар, ойындар, жеңістер кезегі басталды. Жеңілістер де болды, бірақ олар мінезді шыңдап, өз-өзімен жұмыс істеуге итермеледі.

Карина әр жолы сенімдірек болып, өзінің талантын айқын көрсете бастады. Мектеп оқушылары арасындағы барлық аймақтық жарыстарға қатысқаннан кейін, бойжеткен өз командасының республикалық деңгейге шығуын армандай бастады.

Армандар орындалады: олардың жаттықтырушысы «SportFEST Kazakhstan» спартакиадасының өтетіні жайлы біліп, бірден қатысуға өтінім берді. Кейін олар барлық командасымен Павлодар қаласына іріктеу турына келді, онда облыстың барлық аудандарынан келген балалар жиналды. Қатысушылар спартакиаданың ақтық кезеңіне жолдама алу үшін тынбай жарысты. Қарсыластар салмақты болды, өз арманыңа жету жолында бір де бір қате жіберуге болмайтын еді.

Барынша жиналу, үйлесімді ойнау, қарсыластардың іс-қимылын болжай білу қабілеттері өзінің нәтижесін берді: Каринаның командасы «SportFEST Kazakhstan» іріктеу сайыстарында бірінші орынға ие болды. Қыздардың қуанышында шек болмады - олар финалға жолдама алды!

«Мен осы спартакиадаға жасөспірімдер көбірек қатысып, өз потенциалын, талантын көрсетіп, өз мақсаттарына қол жеткізуін қалаймын! «SportFEST Kazakhstan» арқасында мен спортқа көбірек уақыт бөле бастадым. Менің командам ақтық ойындарда жеңбегеніне қарамастан, мен осындай спорттық мерекенің бір бөлігі болғаным өте қуаныштымын. Себебі біз командамызбен бірге Қазақстанның барлық аймақтарынан өте жақсы балалармен танысып, дос болдық. Және, әрине, республикалық сайыстарға қатысудан керемет тәжірибе алдық. Мен үшін жеңіс - бұл менің жаңа достарым және біздің жаңа тәжірибеміз», - деп бөліседі Карина.

**Карина Сандо**  
**Павлодар облысы**





# ЖАС ДАРЫНДАР

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** 18 жасқа дейінгі дарынды балалар

Қордың ең жарқын жобаларының бірі - «Жас дарындар» жобасы.

Жоба 18 жасқа дейінгі балаларға республикалық және халықаралық шығармашылық байқауларға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға, спорттық жарыстарға қатысу үшін тегін жол жүру грантын (бару және қайтуға әуе-, авто-, теміржол билеттері) беруді көздейді.

Айта кетерлігі, жоба 2016 жылдан бастап іске қосылғаннан бері 96 бала грант алды, олар зияткерлік, шығармашылық, спорттық байқаулар мен жарыстарға қатысты. Балалар 12 елде Қазақстанды таныстырды.



**2019 ЖЫЛЫ 16 ӨТІНІМ КЕЛІП ТҮСТІ**


**2019 ЖЫЛЫ РЕСЕЙ, БОЛГАРИЯ, АНГЛИЯ, ГЕРМАНИЯ, ТУНИС ЕЛДЕРІНДЕ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ ҮШІН 36 БАЛА ЖОЛ ЖҮРУ ГРАНТЫН АЛДЫ**

## ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ:


- 26 БАЛА 1 ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ (ЖЕКЕ ЖӘНЕ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП БОЙЫНША);
- 4 БАЛА 2 ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ;
- 4 БАЛА 3 ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ.




ХАБАР 24



КАРАВАН



365 INFO.KZ



ӨМІРГЕ РИЗА БОЛУ ЖӘНЕ АЛҒЫС АЙТА БІЛУ - АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТТЕР ДЕП ОЙЛАЙМЫН МЕН ӨМІР БОЙЫ АЙНАЛАМДАҒЫЛАРДЫҢ БӘРІНЕ АЛҒЫС АЙТАМЫН: МАҒАН ӨМІР СЫЙЛАҒАН АНАМА, МЕНІ БІРНЕШЕ РЕТ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛҒАН ДӘРІГЕРЛЕРГЕ, КЕЗ КЕЛГЕН СӨТТЕ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН ТҰРАТЫН ДОСТАРЫМА, МЕНІ БАСҚА БАЛАЛАРДАН БӨЛМЕЙТІН ҰСТАЗДАРҒА. МЕН МҮМКІНДІКТЕР ТЕҢ ЕЛДЕ ӨСІП ЖАТҚАНЫМА, ДАМИ АЛАТЫНЫМА РИЗАМЫН.



**АРУА БЕЙХАРИ**

16 жаста, жасөспірімдер арасындағы арбамен билеуден Әлем чемпионы



## «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ӨНДІРІСТІК КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЖАС МАМАНДАРЫНА АРНАЛҒАН РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

«Самұрық-Қазына» Корпоративтік Университеті» ЖММ

Жобаның географиясы: Алматы қ.

Мақсатты аудитория: «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының жас мамандары

Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының жас қызметкерлері мен жастарын әлеуметтік қолдау мен ынталандыруға бағытталған.


Оған өндірісте жұмыс істейтін «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының жас мамандары қатысады. Рекреациялық бағдарлама аясында олар үшін оқыту тренингтері, мотивациялық кездесулер қарастырылған.

Жобаны жүзеге асыру басталғаннан бері 20 келу ұйымдастырылды, оған 11 портфельдік компаниядан 1211 маман қатысты.

Бағдарлама қатысушылары үшін ЮНИСЕФ-пен меморандум аясында 12 «Позитивті ата-ана» семинары өткізілді.



Имидждік бейнеролик



SK NEWS



**2019 ЖЫЛДЫҢ 14 СӘУІРІНЕН БЕРІ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ 1211 ҚЫЗМЕТКЕРІ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАДАН ӨТТІ (20 КЕЛУ)**





# БИБИГҮЛ ТӨЛЕГЕНОВАНЫҢ X ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОКАЛИСТЕР БАЙҚАУЫ

«Мирас» Қоғамдық ұлттық мәдениет қоры» ҚҚ

Жобаның географиясы: Алматы қ.

Мақсатты аудитория: Қазақстан, Ресей, Қытай, Украина, Болгария, Тәжікстан, Әзербайжан, Моңғолия және Италияның шығармашыл жастары



Бибігүл Төлегенованың халықаралық вокалистер байқауы - Қазақстанның мәдени өміріндегі маңызды оқиға.

Бүгінгі таңда ол үлкен танымалдылыққа ие, оған әлемнің әр түрлі елдерінен талантты жастар қатысады.

Байқауды өткізу үлкен халықаралық мәнге ие, себебі қазақ музыкасының үздік үлгілерін орындау мәдениеттердің өзара сіңісуіне, қазақ халқының шынайы жан сұлулығын ашуға және Қазақстан сазгерлерінің туындыларын дәріптеуге қызмет етеді.

**ОҚИҒАНЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ  
АЙМАҚТЫҚ БАҚ, ОНЫҢ  
ІШІНДЕ «АЛМАТЫ» ТА  
ЖӘНЕ «ҚАЗИНФОРМ» ХАА  
ЖАРЫҚТАНДЫРДЫ**



58

ОРЫНДАУШЫ

11

МЕМЛЕКЕТ

14

ФИНАЛИСТ



KAZINFORM



TK ALMATY



Бибігүл Төлегенованың байқауы дарындарды, әлемдік операда жаңа есімдерді ашып қана қоймайды, сонымен қатар бүкіл әлемге қазақ мәдениеті туралы айтады, қазақстандық сазгерлердің шығармашылығымен таныстырады. Оның нағыз құндылығы да осында.

**БЕКЗАТ КЕЖЕСОВА**  
«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының менеджері



# «АРМАНҒА АПАРАР ЖОЛ» ЖОБАСЫ

«BAURZHAN foundation» ЖҚ

Жобаның географиясы: Алматы қ.

Мақсатты аудитория: жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар

«Арманға апарар жол» жобасы болашақта қазақстандық спортты дамытуға қомақты үлес қосатын жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасындағы футбол дарындарын ынталандыру және дамытуға бағытталған.

Жобаның әкімшісі турнир қатысушыларын одан әрі спортқа тартуға көмектеседі: 150-ден астам балалар әр түрлі спорттық іс-шараларға қатысып, мектепті бітіргеннен кейін спорттық білім беру мекемелеріне және аймақтық спорт клубтарына түскен.



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 10 АЙМАҒЫНАН 12 КОМАНДА

Алматы қ. балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілері арасындағы футбол чемпионатына қатысты.



**1 ОРЫН** - Жамбыл облысы, Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының «ТҰЛПАР» командасы;



**2 ОРЫН** – Қостанай облысы, Рудный балалар үйінің «БҮРКІТ» командасы;

**3 ОРЫН** – Ақмола облысы, Ақкөл қ. №1 Балалар үйінің «АРЫСТАН» командасы.

## ЖЕҢІМПАЗ КОМАНДА ҮШІН БАС ЖҮЛДЕ - МАДРИД Қ. САПАР

Сапар мәдени бағдарлама мен көрнекі жерлерге баруды қамтиды:

- «Сантьяго Бернабеу» стадионы;
- «Реал Мадрид» клубының мұражайы;
- Испаниядағы Қазақстан Республикасының елшілігі;
- Warner Brothers саябағы;
- Қаланың тарихи бөлігі.







Литвиновтар әулетінің кіші ұлы Анатолий 2006 жылы 11 шілдеде Жамбыл облысының Мерке ауылында туған. Қ.Сарымолдаев атындағы балалар үйіне 2015 жылы түсті. Оның екі әпкесі бар, олар қазірде Алматы қ., кішісі ЖОО-да оқиды, ал үлкені ЖОО-ды аяқтап, жұмыс жасап жатыр.

Анатолий – көпшіл, байсалды және мейірімді бала. Бос уақытында спортпен, атап айтқанда футболмен айналысады. Жамбыл облысының өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығындағы футбол бойынша спорттық секцияларға қатысады. Орталықтың қоғамдық өміріне, әсіресе спорттық іс-шараларға белсенді қатысады. Балалармен өте жақын достық қарым-қатынаста. Анатолий бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін өте адал және жауапты бала.

2019 жылы қыркүйекте Алматы қаласында өткен футбол бойынша балалар үйлері мен интернаттар арасындағы VII Қазақстан Республикасының Чемпионатына қатысты. 12 команданың ішінде, Анатолий ойнаған «Тұлпар» командасы I орынға ие болып, Испанияға жолдама ұтып алды. 2019 жылы қарашада «Тұлпардың» футболшылары «Реал Мадрид» футбол клубында қонақта болды және әйгілі «Сантьяго Барнабеу» стадионына барды.

Келгеннен кейін Анатолийді «Тараз» ФК жасөспірімдер лигасында кәсіби негізде футболмен айналысуға шақырды. Қазіргі таңда ол осы клубта айналысады.

Анатолий шын ниетімен чемпионат ұйымдастырушыларына алғысын білдіреді. Болашақта еліміздің және тіпті әлемнің танымал футболшысы болуды армандайды.

«Менің мақсатым - үлкен жетістіктерге жетіп, биіктерден көріну. Мен футбол бойынша барлық техникалар мен тактикаларды меңгергім келеді. Бойымда моральдық және күш-жігерлік қасиеттерді тәрбиелегім келеді. Күшті, жылдамдықты, төзімділік пен икемділікті дамытқым келеді. Болашақта белгілі «Қайрат» командасының құрамына кіргім келеді, спорт шебері және футбол жаттықтырушысы болғым келеді», - деп мақсаттарымен бөліседі Анатолий Литвинов.




# ТУҒАН ЕЛГЕ САЯХАТ

## «Әлеуметтік жобалар қоры» КҚ


**Жобаның географиясы:** Нұр-Сұлтан, Байқоңыр, Тараз, Алматы, Балқаш ққ.

**Мақсатты аудитория:** 11-15 жас аралығындағы балалар және шет елдердегі қазақ диаспорасының балалары

Жоба шеңберінде балалар Қазақстанның көрікті жерлеріне барып, отан туралы көптеген жаңа және қызықты фактілерді білді. Саяхат барысында қатысушылар үшін білім беру және ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.



ХАБАР 24



КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА



# 3

САЯХАТ

# 600

ОНЫҢ ІШІНДЕ

# 500

# 50

# 50

БАЛА

БАЛА ЕЛІМІЗДІҢ  
ШАЛҒАЙ  
АУДАНАРЫНАН

БАЛА  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
БАЙҚАУ  
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

БАЛА ШЕТ  
ЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ  
ДИАСПОРАСЫНАН





Менің атым Әубәкіров Ержан, мен Ресейдің Омбы қаласында тудым және өстім. Осы жазда мен «Туған елге саяхат» жобасына ілігіп, тарихи отанымда болдым және Қазақстанның киелі жерлерін өз көзіммен көрдім. Лагерь өте жарқын әсер қалдырды, жақсы эмоциялармен қуаттандырды. Мен Тараз және Балқаш секілді қалаларда болмақ түгілі, олар туралы білмейтін едім. Бұл мен үшін үлкен жаңалық болды.

Мен Тараз қаласында өз халқымның ежелгі мәдениетімен таныстым, Алматы қаласында қар басқан жоталарды көрдім, Нұр-Сұлтан қаласында озық технологиялар туралы білдім. Және өмірімде алғаш рет өзімнің тарихи отанымның суы - Балқаш көлінде шомылдым.

Лагерьдегі естеліктерді ерекше жылулықпен еске аламын, себебі лагерь ғажайыпқа толы, танымдық, көңілді, қызықты болды...

Лагерьдің бірінші күнінен бастап мен көптеген балалармен достастым, біз әлі күнге дейін байланыстамыз. Лагерьден оралғаннан кейін мен біздің мәдениетімізге және салт-дәстүрлерімізге көбірек қызыға бастадым. Омбыға келгеннен кейін, мен бірінші кезекте «Ана тілі» Қазақ тілі әуесқойларының клубына қазақ тілін үйрену курстарына жазылдым және «Омбы қазақтары» Қоғамдық ұйымының жобаларында ерікті ретінде жұмыс істей бастадым.

Барлық жерде мен басқа балаларға менен үлгі алып, «Туған елге саяхат» жобасына қатысып көруге кеңес беріп жүремін, себебі лагерьдегі сол 10 күн мен үшін өмірімдегі ең бақытты кезеңдердің бірі болды, сондықтан мен олармен бөліскім келді.

Мектепті және университетті бітіргеннен кейін заң саласындағы маман ретінде Қазақстанға оралып, туған жерде жұмыс істегім келеді.



Әубәкіров  
Ержан



# ИМИДЖДІК ЖОБАЛАР

---





## ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА ШАХМАТТАН КОМАНДАЛЫҚ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУ

«ҚАЗАҚСТАН ШАХМАТ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» РҚБ

Жобаның географиясы: Нұр-Сұлтан қ.

Мақсатты аудитория: Қазақстан Республикасының және басқа елдердің спортшылары

Жоба Қазақстанды халықаралық спорт аренасында ілгерілетуге, шахмат спортын дамытуға және қазақстандық шахматшыларды әлемдік деңгейге жеткізуге бағытталған. 4-14 наурыз аралығында Халықаралық Шахмат федерациясы президентінің (ФИДЕ) қатысуымен ерлер мен әйелдер арасында шахмат бойынша Командалық әлем чемпионаты өткізілді.

Атаулы іс-шараға ФИДЕ-нің 32 өкілі, ҚР Мәдениет және спорт министрі қатысты.

Турнир өткізілгеннен кейін, жоба әкімшісі шахматтан Командалық әлем чемпионаты шеңберінде сатып алынған 25 түрлі ұйымдастыру техникасын балалар үйлері мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мектептерге тегін берді.



БІЗДІ ШАХМАТТАН КОМАНДАЛЫҚ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ШАҚЫРДЫ. БІЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫН, ОЛАРДЫҢ ҚАЛАЙ ОЙНАЙТЫНЫН, БАРЛЫҒЫ ҚАЛАЙ БОЛАТЫНЫН ӨЗ КӨЗІМІЗБЕН КӨРДІК. СОДАН КЕЙІН БАЛАЛАР АРАСЫНДА ӨЗ ТУРНИРИМІЗ БОЛДЫ, БІЗГЕ ШАХМАТШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕРЕМЕТ ЖИЫНТЫҚТАР СЫЙЛАДЫ. ӨТЕ ҚЫЗЫҚТЫ БОЛДЫ.

**АКУЛОВ МАРСЕЛЬ**  
11 жаста, «Замандас 21» ҚҚ шахмат үйірмесіне қатысады.

БАРЛЫҚ КОМАНДАЛАР САНЫ | **20** | 10 ӘЙЕЛ АДАМ | 10 ЕР АДАМ




ӘЛЕМНІҢ  
**14**  
ЕЛІ

**120**  
ОЙЫНШЫ МЕН  
ЖАТТЫҚТЫРУШЫ

**15**  
ТӨРЕШІ

**60**  
ЕРІКТІ




АЗИЯ, ЕУРОПА, АМЕРИКА ЕЛДЕРІНЕН  
**30 МЛН АДАМ** | ТУРНИР БАРЫСЫН БАҚЫЛАДЫ

ЧЕМПИОНАТТЫҢ  
НӘТИЖЕЛЕРІ:

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА  
**1 ОРЫН - ҚХР**  
Қазақстан - 5 орын

ЕРЛЕР АРАСЫНДА  
**1 ОРЫН - РЕСЕЙ**  
Қазақстан - 8 орын

2019 жылдың соңына дейін әлеуметтік дивидендтер ретінде Қазақстанның атақты шахматшыларының қатысуымен республикада ардагерлер, бұқаралық және балалар арасында шахмат ойынын дамытуға бағытталған 30-ға жуық іс-шара өткізілді, оның ішінде 2019 жылдың 14 наурызында «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қызметкерлері мен серіктестері арасында блиц-турнир өтті.





# СҰЛУЛЫҚ МЕЙІРІМДІЛІКТЕ

## «Нұрлы-Астана» КҚ

**Жобаның географиясы:** Қазақстанның барлық аймақтары

**Мақсатты аудитория:** 18-24 жас аралығындағы қыздар

«Сұлулық мейірімділікте» жобасы еріктілердің іс-шараларын жарықтандырумен «Қазақстан аруы» Ұлттық Байқауының қатысушыларын анықтау және «Астана аруы - 2019» байқауын өткізу үшін Қазақстанның 18 қаласында аймақтық кастингтер өткізуге бағытталған.

«Астана аруы - 2019» сұлулық байқауы «ҚазМедиа орталығы» концерт залында өтті.

Кейін байқау финалистері **#ITSALLABOUTABILITY** («Бар мәселе мүмкіндікте») ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша ақпараттық кампанияға қатысты. Бұл бастаманың мақсаты - балалардың құқықтарын қорғау, олардың дамуы мен әлеуметтенуі үшін маңызды жағдай ретінде спортпен шұғылдануы үшін мүмкіндіктер жасау мәселелеріне қоғамның назарын аудару.



## 583

БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫСЫ

## 20

«АСТАНА АРУЫ - 2019»  
БАЙҚАУЫНЫҢ 20 ФИНАЛИСТІ  
«АСТАНАДАҒЫ SOS БАЛАЛАР АУЫЛЫНЫҢ»

## 42

ТӘРБИЕЛЕНУШІСІМЕН  
БІРГЕ КИНОТЕАТРҒА БАРДЫ

«ЗАМАНДАС 21» ОТБАСЫЛЫҚ АУЛА КЛУБЫНЫҢ


## 27

БАЛАСЫНА ЖАҢАЖЫЛДЫҚ СЫЙЛЫҚТАР ТАБЫСТАЛДЫ

KHABAR.KZ



TENGRINEWS



«Астана аруы» байқауы - мәңгілікке менің жадымда қалады. Мен қызықты адамдармен, жоба қатысушыларымен таныстым және байланыс ұстап тұратынымызға сенімдімін. Бірақ мен үшін ең ұмытылмайтыны байқаудың «Сұлулық мейірімділікте» атты әлеуметтік жобасына қатысу болды. Біз «Астана балалар ауылының» балаларын кинотеатрға тұсаукесерге апардық; олардың бал-бұл жанған көздерін көру мен үшін баға жетпестей болды. Түзету мектебінің оқушыларымен біз арт-терапия сессиясын ұйымдастырдық және өткіздік, балалар өздері үшін көптеген жаңалықтар ашып, керемет әсер алды. Мен біздің қыздармен бірге балаларға қуаныш сыйлай алғанымызға өте қуаныштымын.

Ең қызықты акциялардың бірі шала

АРТ-ТЕРАПИЯ САБАҒЫНДА НҰР-СҰЛТАН Қ. «№2 АРНАЙЫ ТҮЗЕТУ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНЫҢ» 30 ОҚУШЫСЫМЕН БІРГЕ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ АШЫҚХАТТАР, ТІЛЕКТЕР, АРМАНДАРДЫҢ СУРЕТІН САЛДЫ

«28 ПЕТЕЛЬ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНА БАРЫП, САЛМАҒЫ НЕБӘРІ 500 ГРАММ БОЛЫП ШАЛА ТУЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАП 20 ШАҚТЫ ЖҮН ШҰЛЫҚТАР ТОҚЫДЫ

БАРЛЫҚ ФИНАЛИСТЕР ҚАН ДОНОРЫ БОЛЫП, «ДОНОР КҮНІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

туылған балаларға арнап жүннен киімдер тоқу болды. Бұл мен үшін өте бағалы тәжірибе. Байқаудың арқасында менің өмірімде тағы бір маңызды оқиға орын алды - мен алғаш рет қан доноры болдым. Маған біреудің өмірін құтқара алатынымды түсіну маңызды. Мен міндетті түрде ары қарай жақсылық жасауды, мұқтаж жандарға көмектесуді, ұйымдарда ерікті болуды жалғастырамын. Барлығыңызды басқалардың мұқтаждықтарына ашық болуға, мейірімді, мұқият болуға шақырамын. Себебі Қайырымдылық әлемді құтқарады!»

**АЙЗАДА ХАБИБОЛАЕВА**  
«Астана аруы 2019» жеңімпазы



# XVI ЕУРАЗИЯЛЫҚ МЕДИА ФОРУМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

«Еуразиялық Медиа форум» КҚ

Жобаның географиясы: Алматы қ.

Мақсатты аудитория: БАҚ өкілдері, шетелдік қатысушылар мен сарапшылар

Сараптық қоғамдастықтың әлемдік көшбасшыларының қазіргі кездегі өзекті мәселелерге жан-жақты көзқарастарын әділ баяндауға негізделетін, әлемдік маңызға ие әлеуметтік-экономикалық және геосаяси оқиғаларды талқылауға арналған бірегей орталық-азиялық ашық диалог алаңын ұйымдастыруға бағытталған жыл сайынғы ірі жоба.

Кәсіби қазақстандық және халықаралық сарапшыларды тартумен және нәтижелерді БАҚ-да жарықтандырумен форум үлгісіндегі алаң ұйымдастыру Қазақстанның позитивтік имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

Форумға әлемдік медиа-кеңістіктің аса маңызды тұлғалары, пікір көшбасшылары, саясаткерлер, экономистер, қоғам қайраткерлері, бизнес құрылымдар өкілдері, қоғам өкілдері арасынан халықаралық сарапшылар қатысты.

- 7 ПАНЕЛЬДІК СЕССИЯ
- ШЕТЕЛДІК САРАПШЫЛАРДЫҢ 7 ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ
- 400 ЖУРНАЛИСТ
- ФОРУМ СЕССИЯЛАРЫНЫҢ ШЕГІНДЕ ӘЛЕМНІҢ 25 ЕЛІНЕН 77 АДАМ СӨЗ СӨЙЛЕДІ



БІЗ АШЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ЫМЫРАСЫЗ ҰСТАНЫМДАРДЫ ЖАҚЫНДАСТЫРУЫН, ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ПЕН ТӨЗІМДІЛІККЕ ЫҚПАЛ ЕТУІН, ОРТАҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ ҮШІН КҮШ-ЖІГЕРДІ БІРІКТІРУІН ҚАЛАЙМЫЗ

**ДАРИҒА НАЗАРБАЕВА**  
Еуразиялық Медиа Форумның Ұйымдастыру комитетінің Төрайымы



**900**  
ДЕЛЕГАТ

**50**  
ЕЛІ

**62**  
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ  
КОРПУС ӨКІЛІ

**84**  
БИЗНЕС-ӨКІЛ

**34**  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҰЙЫМДАР ӨКІЛІ

**230**  
БАҚ ӨКІЛІ





# ҚАЗАҚСТАН МАШИНА ЖАСАУШЫЛАРЫНЫҢ VII ФОРУМЫ

«Қазақстанның Машина жасаушылар Одағы» ЗТБ

Жобаның географиясы: Нұр-Сұлтан қ.

Мақсатты аудитория: Қазақстан Республикасының және жақын және алыс шетелдердің машина жасау кәсіпорындарының қызметкерлері

12-13 қыркүйек аралығында еліміздің машина жасаушылары үшін маңызды оқиға - Қазақстан машина жасаушыларының VII форумы болып өтті. Бұл форумға әлемнің 20-дан астам елінен кем дегенде 1000 делегат қатысты. Жыл сайын бұл форумға кәсіпорын өкілдері, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің машина жасаушы компанияларының қызметкерлері қатысады, бұл форум БАҚ өкілдерінің де қызығушылығын туғызады.

Форум Қазақстан машина жасаушылар одағының халықаралық байланыстарын дамытуға және машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындары арасындағы аймақаралық байланыстарды орнатуға ықпал етеді.



**100**  
ДЕЛЕГАТ

ӘЛЕМНІҢ  
**20**  
ЕЛІ



# ДЕНИС ТЕНДІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН МҰЗ ШОУЫ



«Денис Тен Қоры» ҚҚ

Жобаның географиясы: Алматы қ.

Мақсатты аудитория: Алматы қ. тұрғындары мен қонақтары

Алматы қ. ұлы спортшы Денис Тенді Еске алу күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жоба. Іс-шара «Алматы-Арена» Мұз Сарайында өткізілді, оған мәнерлеп сырғанаудың әлемдік жұлдыздары мен Денис Теннің жақын достары және туыстары қатысты.

Іс-шараға 10 мыңнан астам көрермен келді, олардың ішінде әлемнің көптеген елдерінен: Ресей, Жапония, Қытай және т.б. Денистің шығармашылығының жанкүйерлері де болды.




Бұл мәнерлеп сырғанау әлеміндегі ең әсерлі, әдемі және жарқын шоу. Біз үшін ұлы мәнерлеп сырғанаушы Денис Теннің тобымен жұмыс істеу үлкен құрмет болды.

Дәл осындай іс-шаралар жас ұрпақты олимпиада шыңын бағындыруға шабыттандырады және ынталандырады, үлкен спортқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді.

**ИСАБЕКОВА ӘСЕМ**

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас менеджері

TK ХАБАР



пост в instagram denistenshow





## «SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУЫ ҚОРЫ МЕДИА ӨРІСТЕ

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры қайырымдылық қызметін жүзеге асыру және өз жобаларын ірі республикалық және өңірлік БАҚ-да, сондай-ақ Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.


# 1779 97 2250

2019 ЖЫЛДАҒЫ  
БАҚ-ДАҒЫ  
ЖАРИЯЛАНЫМДАР  
САНЫ

ТЕЛЕАРНАЛАРДАҒЫ  
СЮЖЕТТЕР САНЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ  
ЖАРИЯЛАНҒАН ЖӘНЕ  
БЕЛГІЛЕНГЕН ПОСТТАР  
САНЫ

## «SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУЫ ҚОРЫ



Сонымен қатар, «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының шығармашылық командасы сайтты тұрақты түрде пайдалы контентпен толықтырып, оны дамыту үшін жұмыс жасауда.

«Бұл пайдалы» айдарында әлеуметтік желілермен, жобалармен және т.б. жұмыс істеу құралдары туралы материалдар жарияланады.

«Игі істер күнтізбесі» КЕҰ, әлеуметтік кәсіпкерлік және қайырымдылықты қозғайтын қызықты оқиғалармен жаңартылады және толықтырылады.



Корпоративтік коммуникациялар департаментінің директоры – «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының ресми өкілі

### МИРАС ІРГЕБАЕВ

#### Құрметті әріптестер және серіктестер!

Сіздерге біздің кезекті Жылдық есебіміздің беттерінен сәлем беремін!

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорында жұмыс істеген уақытта мен көптеген журналистермен, редакторлармен, блогерлермен таныстым және олармен әлі күнге дейін байланыстамын. Мен оларға біздің ұмтылыстарымыз бен бастамаларымыздың жақын болғандығы үшін өздерінің теле- және радиоарналарында, ақпараттық сайттарында, газет және журнал беттерінде, әлеуметтік желілердегі посттарында қуана-қуана жарыққа шығаратынына қуаныштымын. Біз үшін әрбір журналист - серіктес және мүдделес!

Отандастарымызға біздің ұйымның қызметінің арқасында қандай көмек ала алатындығын айту өте маңызды - себебі көбісі үшін бұл денсаулығын жақсартудың, жұмысқа ие болудың, өзінің баласына көмектесудің, тіпті мүдделес жандар табудың мүмкіндігі. Және ақпарат алудың ең қолжетімді тәсілі БАҚ деп есептейміз.

Біз «Хабар», «Хабар 24», «Qazaqstan» телеарналары, «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» газеттері, «Tengrinews.kz», «Zakon.kz», «BAQ.kz» ақпарат ресурстары және тағы басқалары секілді қазақстандық медиакәсіптің қолбасшыларымен бірге қызмет жасаймыз.

Медиаөрісте біз туралы жарияланатын барлық материалдар - тегін. Бұл біздің ұстанатын басты қағидамыз. «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының барлық қаражаты Қазақстан халқына көмек көрсетуге жұмсалды және біздің сюжет немесе жарияланымға бағыттай алатын ақшамыз, біреудің өмірін құтқара алады. Әрине, біз өмірді таңдаймыз!

Баспасөзбен жұмыс істей отырып, біз әр түрлі - классикалық, сонымен қатар креативтік құралдарды да пайдаланамыз. Біз баспасөз конференцияларын, баспасөз-турлар өткіземіз, кездесулер ұйымдастырамыз, онда журналистер біздің бенефициарлармен еркін сөйлесіп, біздің жобаларымыздың пайдасына өз бетімен көз жеткізе алады.

Біз әрқашан заманның ағымынан қалмай, соңғы ақпараттық трендерден хабардар болуға тырысамыз. Біздің сайтымыздағы «Игі істер күнтізбесін» құру идеясы осылайша туындады. Мұнда қайырымдылық тақырыптарын қозғайтын іс-шаралар және дүние жүзі бойынша коммерциялық емес ұйымдардың ағартулары жиналған.

Осы күнтізбенің арқасында, көптеген КЕҰ оқиғалар туралы біліп отырады және оларға қатысады. Осылайша, «ӘРЕКЕТ» жобасының грант иегері «Белсен» Әлеуметтік бастамалар орталығы» ҚБ - «Игі істер күнтізбесінен» SAP UP әлеуметтік стартаптар байқауы туралы біліп - оған қатысты және барлық ТМД елдерінің қатысушылары ішінен 3 орынға ие болды. Дәл осындай мысалдар бізді креативті, стандартты емес коммуникация түрлерін пайдалануға итермелеп, шабыттандырады.

Бұл ретте біз шапшаң, ашық және адал болу ережелерін бұлжытпай сақтаймыз. Нәтижесінде - 2019 жылдың өзінде БАҚ-да «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры туралы шамамен 1700 материал шықты, демек, біздің жобаларымыз туралы мыңдаған адамдар білді және енді көмек алу үшін қайда жүгіну керек екендігін біледі.



**ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМДЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДА ЮНИСЕФПЕН БІРЛЕСІП ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН #ITSALLABOUTABILITY ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АҚЦИЯСЫ**



Әр түрлі жобалардағы балалардың қатысуымен #KIDSTAKEOVER, #ДЕТИУРУЛЯ өзін-өзі басқару күні, ол күні олар бірнеше сағатқа компания менеджерлері және басшылары болып көрді.



2019ж. футбол бойынша Қазақстан чемпионатының финалдық ойынындағы науқан – ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер лигасының ойыншылары «Астана-Ертіс» матчының алдында футболшыларды аренаға алып шықты.




**МЕЕТУР «ИГІ ІСТЕР КҮНТІЗБЕСІ» ТАҚЫРЫПТАРЫ: «ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ИНТЕРНЕТТЕ ЖЫЛЖЫТУ» ЖӘНЕ «КЕҰ ҮШІН ТАБЫСТЫ ФАНДРАЙЗИНГ ТРАЕКТОРИЯСЫ»**

**Спикерлер:** фандрайзинг саласындағы танымал ресейлік сарапшы - Олеся Радилова және қазақстандық блогер және медиажаттықтырушы Яков Федоров.  
**Қатысушылар:** астананың 60-тан астам коммерциялық емес ұйымдарының өкілі





## ЖУРНАЛИСТЕР МЕН БЛОГЕРЛЕР «SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ҚОРЫ ТУРАЛЫ




**ЛЮБОВЬ ВОСТРУХИНА**  
«Zakon.kz» интернет-порталының бас редакторы

«Қазіргі уақытта жобаның табысы қандай да бір PR-команданың ақпараттық кеңістіктегі жұмысын ұйымдастыруға байланысты. Қандай нәтижелерге жеткенін, мұның не үшін жасалып жатқанын, компанияның халыққа қандай пайда әкеле алатынын көрсету маңызды. Бұл аудиторияның сені қалай қабылдайтынына, сенің оған қандай әсер ете алатынына, және жалпы беделің қалай қалыптасатынына әсер етеді. Маған «Samruk-Kazyna Trust» PR-командасының тәсілдемесі өте ұнайды. Олар ең заманауи және креативті құралдарды пайдалана отырып, адамдарға қордың жобаларына қатысу мүмкіндіктері бар екендігі туралы ақпаратты жеткізуге тырысады, қай жерден және қалай көмек алуға болатынын, қандай игіліктерді пайдалана алатынын айтады. Олардың әрбір істерінен кәсіпқойлық, өз жұмысына деген сүйіспеншілік сезіледі, бірақ ең бастысы - олардың қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектесуге деген ниеті. Өз кезегімізде, біз серіктестер ретінде оларға өз ресурсымызда қуана қолдау көрсетеміз».



**АЙНҰР САМЕДОВА**  
Kazpravda.kz сайтының шеф редакторы

«Біз «Samruk-Kazyna Trust» Қорымен серіктестігімізді жақында бастадық. Алайда бірігіп бірқатар жобаларды іске асырып үлгердік. Қазіргі уақытта әлеуметтік жобаларды іске асырудың мәні мен маңызын асыра бағалау қиын. Біздің әлеуметтік қолдау туралы көзқарасымыз Қордың жұмыс тұжырымдамасымен сәйкес келеді, және біз оларды жарықтандыру туралы өтінішке әрқашан ықыласпен жауап береміз. Қордың креативі мен ауызбіршілігін, олардың жұмыс және жобаларды іске асыру тәсілдемелерін жеке атап өткім келеді. Алдағы уақытта біз серіктестікті жалғастырып, жаңа бірегей маңызды медиа өнімдерді шығарамыз деп үміттенеміз».



**КАРАКӨЗ КЕНЖЕБАЕВА**  
«Хабар 24» телеарнасының журналисті

«Әлеуметтік жобаларды дамыту мен қолдау - біздің еліміздегі өте өзекті мәселелер. Мен «Samruk-Kazyna Trust» - әр түрлі бағыттар бойынша қызметін жүргізетін, оның ішінде бүкіл Қазақстан бойынша әлеуметтік жобаларды дамытуды қамтамасыз ететін және теңдессіз мүмкіндік беретін ірі қорлардың бірі екенін білемін. Шаршамай ақпараттық себептерді генерациялайтын, спикерлер ұсынатын бізге, журналистерге, түсірілім үшін қызықты сюжеттер ұсынатын Қордың PR-департаментіне жеке рахмет. Олардың белсенділіктерінің арқасында біз қазақстандықтарға ең өзекті мәселелер бойынша пайдалы ақпараттарды бере аламыз».




**ЯКОВ ФЕДОРОВ**  
блогер


«Samruk Kazyna Trust» Қоры жүзеге асыратын барлық жобаларды, мен үшін бір сапа біріктіреді - олардың қатысушыларының жоғары пассионарлығы. Өткен жылы мен «Samruk Kazyna Trust» серіктес-ұйымдары үшін семинар өткізгенде, елімізде әр түрлі бағыттарда қоғам игілігі үшін жұмыс істеуге дайын адамдардың көп екендігіне таң қалдым. Мұндай ұйымдар шешетін кейбір проблемалар туралы біз кейде ойланбаймыз да, себебі біздің әрқайсымыз олармен кездесе бермейміз. Және әрбір шешімнің артында шынайы адамдардың тағдыры тұрады».




# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ БАҚ-ДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР




**Жеңіс күні есімде**  
<https://www.kazpravda.kz/articles/view/pomnit-o-pobede-kazhdii-den>




**БМС диагнозы бар 2 000-нан астам бала «Қасиетті жол» оңалту орталығында емдеуден өтті**  
<https://24.kz/ru/news/social/item/306610-bol-she-2000-tysyach-detej-s-dtsp-proshli-leche-nie-v-reabilitatsionnom-tsentre-kasietti-zhol>




**Қазақстанның шалғай ауылдарына «Денсаулық пойызы» медициналық пойызы жіберілді**  
<https://astanatv.kz/ru/news/48163>



**ҚР зағип бала менталды арифметика бойынша халықаралық Олимпиаданың гранд-чемпионы атанды**  
[https://bnews.kz/ru/news/hezryachii\\_malchik\\_iz\\_rk\\_stal\\_grandchampionom\\_mezhdunarodnoi\\_olimpiadi\\_po\\_mentalnoi\\_arifmetike](https://bnews.kz/ru/news/hezryachii_malchik_iz_rk_stal_grandchampionom_mezhdunarodnoi_olimpiadi_po_mentalnoi_arifmetike)



**Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған байқау басталды**  
[https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakhstan-startoval-konkurs-grantov-razvitie-sotsialnogo-367336](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-startoval-konkurs-grantov-razvitie-sotsialnogo-367336)



**Елордада 1500-ден астам бала тегін қосымша білім алып жатыр**  
<https://egemen.kz/article/198508-elordada-1500-den-astam-bala-tegin-qosymsha-bilim-aly-p-dgatyr>




**«Денсаулық» пойызы 60 мыңға жуық адамға қызмет көрсетпек**  
[https://www.inform.kz/kz/densauylk-poyzy-60-myn-ga-zhuyk-adamga-kyzmet-korsetpek\\_a352232](https://www.inform.kz/kz/densauylk-poyzy-60-myn-ga-zhuyk-adamga-kyzmet-korsetpek_a352232)



**Ардагерлерге арналған тегін жол жүру науқаны**  
<https://baq.kz/news/othernews/ardagerler-aktsiya>




# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ БАҚ-ДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР




«ӘРЕКЕТ» жобасы туралы «Ertis» телеарнасындағы «1 Студия» бағдарламасы  
[http://pavlodartv.kz/ru/archive/programs/programs\\_social/1\\_stydia/959163](http://pavlodartv.kz/ru/archive/programs/programs_social/1_stydia/959163)



«Туған Елге Саяхат» балалар туристік пойызы жолға шығады  
<https://inbusiness.kz/kz/last/tugan-elge-sayahat-balalar-turistik-pojzy-zholga-shygady>




Ерекше балаларға – ерекше назар!  
[https://time.kz/articles/moment/2019/06/03/osobym-detyam-osoboe-vnimanie?fbclid=IwAR2F-J3c7rDAty629QTJ\\_A51Rdn1R9\\_dJZ-b57Q49kQmxc5eJfEf4aJUWg24](https://time.kz/articles/moment/2019/06/03/osobym-detyam-osoboe-vnimanie?fbclid=IwAR2F-J3c7rDAty629QTJ_A51Rdn1R9_dJZ-b57Q49kQmxc5eJfEf4aJUWg24)




Нұр-Сұлтанда 27 қазақстандық KEY әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға грант алды  
<https://www.nur.kz/1811610-v-nur-sultane-27-kazahstanskikh-nko-polucili-granty-na-razvitiie-socialnogo-predprinimatelstva.html>



Семейде әмбебап балалар алаңы ашылды  
<https://24.kz/ru/news/social/item/318794-universalnuyu-detskuyu-ploshchadku-otkryli-v-semee>



Екібастұзда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған кабинет ашылды  
<https://liter.kz/2703-v-ekibastuze-otkryl-sya-kabinet-dlya-detey-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami/>



Тараздық команда «Реал Мадрид» футболшыларымен кездесуге Испанияға жолдама ұтып алды  
<https://informburo.kz/novosti/komanda-iz-taraza-vyigrala-putyovku-v-ispaniyu-na-vstrechu-s-futbolistami-real-madrída.html>



«ӘРЕКЕТ» жобасы туралы «Хабар» ТК сюжеті  
<https://www.youtube.com/watch?v=v-c6lNgPktDA>





Осы жылдық есепке енгізілмеген қайырымдылық жобалар туралы ақпаратты **«Samruk-Kazyna Trust» Қорының** ресми сайтынан таба аласыз.

[www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz)

**Ақпарат берілетін есептік кезең**  
2019 ж.

**Есептің циклі**  
Жыл сайынғы

**Байланыс ақпараты**  
[info@sk-trust.kz](mailto:info@sk-trust.kz)  
+7 7172 57-68-98

**Корпоративтік коммуникациялар департаменті**  
+7 7172 24-80-15  
[pr@sk-trust.kz](mailto:pr@sk-trust.kz)

[www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz)



